



БІТІМГЕРЛІК МИССИЯ ЖҰМЫСЫНА ЖОҒАРЫ БАҒА БЕРДІ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев ҰҚШҰ Бас хатшысы Станислав Засьті қабылдады. Бұл туралы Ақорданың баспасөз қызметі хабарлады.

Мемлекет басшысы Ұжымдық қауіпсіздік шарты ұйымының кезектен тыс саммитінің қорытындысына көңілі толатынын айтып, ҰҚШҰ бойынша одақтастарына террористік акті кезінде қолдағаны және Қазақстанға көрсеткен қолдауы үшін алғыс білдірді.

Қазақстан Президенті ҰҚШҰ Бас хатшысының жеке өзінің және Хатшылықтың барлық қызметкері мен ҰҚШҰ-ның Біріккен штабының еліміздегі бітімгерлік миссиясын ұйымдастыру жөніндегі күш-жігеріне қосқан үлесін атап өтті.

Аталған жағдай Ұйымның әскери-саяси құрылым ретіндегі маңызды екенін тағы бір мәрте дәлелдеді. Қазір Ұжымдық қауіпсіздік шарты ұйымы туралы халықаралық қоғамдастықта әңгіме болып жатыр деп ойлаймын. Ұйымның тиімділігі қазіргі жағдайда мейлінше айқын көрінді. Сондықтан келешекте ҰҚШҰ өзін пайдалы құрылым ретінде

танытады деп пайымдаймын. Хатшылық өзге халықаралық ұйымдардың басшылығымен арадағы ықпалдастықты жолға қоюы керек деп ойлаймын. Бұл өте пайдалы болады. ҰҚШҰ Бас хатшысының Бітімгерлік операциялар жөніндегі арнаулы өкілінің институтын құру да өте дұрыс болады деп санаймын, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

ҰҚШҰ Бас хатшысы Қазақстанда ҰҚШҰ бітімгерлік миссиясының орындалу барысы, оның ішінде Қазақстан Президенті белгілеген мерзім ішінде Ұйымға мүше мемлекеттер контингенттерін елімізден шығаруға дайын екені туралы ақпарат берді.

Станислав Зась та Қазақстан Президенті ұсынған ҰҚШҰ Бас хатшысының бітімгерлік мәселелері жөніндегі арнаулы өкілінің институтын құру жөніндегі бастаманы уақытылы жүзеге асырудың маңызды екенін құптады.



ЕРЛІК ЕШҚАШАН ҰМЫТЫЛМАЙДЫ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Алматы қаласына барып, бірқатар нысандарды аралады. Мемлекет басшысы қайғылы оқиға кезінде қаза тапқан полиция қызметкерлері мен әскери қызметшілердің туған-туыстарымен кездесті. Бұл туралы Ақорданың баспасөз қызметі хабарлады.

Мемлекет басшысы қаза болған қызметкерлердің отбасыларына қайғыра көңіл айтып, отбасы мүшелерімен әңгімелесті. Оларға мемлекет тарапынан жан-жақты қолдау көрсетілетінін атап өтті.

— Олар халқымыздың қауіпсіздігі үшін, еліміздің болашағы үшін өз жандарын құрбан еткен нағыз батырлар. Біз олардың ерлігіне тәнтіміз, ешқашан ұмытпаймыз. Олар халқымыздың жадында мәңгі сақталады. Сіздердің отбасыларыңыз назардан тыс қалмайтынына сөз беремін. Баспана болсын, балалардың оқуы болсын барлық мәселеге әрқашанда көмек көрсететін боламыз, — деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев әскери және қызметтік міндетін орындау кезінде көрсеткен батырлығы мен жанкештілігі, мемлекет мүддесін қорғау барысында көрсеткен ерліктері үшін біріне жар, біріне әке болған марқұмдарға берілген наградаларды туған-туыстарына табыс етті.

Атап айтқанда, ҰҚК Шекара қызметі академиясының кафедра бастығы Андрей Кабдиновтің жары мен ұлына ІІ дәрежелі «Айбын» ордені, Алматы қаласы Алматы ауданы Полиция басқармасының полиция-жүргізушісі Әлен Асылхановтың жарына, сондай-ақ Алматы қаласы Алматы ауданы Полиция басқармасының полиция-жүргізушісі Ринат Камбетовтің жарына ІІІ дәрежелі «Айбын» ордені берілді.

Содырлар қолынан қаза тапқан марқұмдардың туыстары бұдан былай біздің елімізде дәл осындай қайғылы оқиғаның болмайтынына сенім білдірді. Сонымен қатар Президент Алматы қаласындағы

жедел медициналық көмек көрсету ауруханасына барды. Қасым-Жомарт Тоқаев Травматология бөліміндегі палаталарды аралап көріп, террорлық акті кезінде зардап шеккен азаматтармен әңгімелесті.

Президент жараланғандардың хал-жағдайларын сұрап, олардың тезірек сауығып кетуіне тілектестік білдірді, сондай-ақ дәрігерлермен сөйлесті. Дәрігерлердің айтуынша, зардап шеккен азаматтардың бәріне дер кезінде жан-жақты медициналық көмек көрсетілген.

Содан соң Президент Алматыдағы Полиция департаменті Шұғыл әрекет ету басқармасының орталығына барды.

Қасым-Жомарт Тоқаевқа Орталықтың құқықтық тәртіпті және қала тұрғындары мен қонақтарының қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі рөлі туралы мәлімет берілді.

Шұғыл әрекет ету орталығында қала аумағындағы шұғыл жағдайлар туралы түскен ақпараттар тәулік бойы үздіксіз жиналып, оларға талдау жасалады және құқық бұзушылықтың алдын алу жұмыстары жүргізіледі. Президентке қаладағы террористік акті кезінде бұзақылардың мақсатты түрде 20 көшеге орнатылған 493 бейнекамераны, бейнебақылауды басқару және байланыс жүйесінің техникалық жабықтарын істен шығарғаны жөнінде баяндалды.

Үкіметтік комиссия мен өкімдікке бақылау жүйелерін түгелдей қалпына келтіру тапсырылды. Қаладағы тәртіпті 10 мыңға жуық бейнекамера бақылайтын болады.

ӘРІПТЕСТЕРІНЕ АЛҒЫС БІЛДІРДІ

Қасым-Жомарт Тоқаев ҰҚШҰ-ға мүше мемлекеттердің басшыларымен телефон арқылы сөйлесті. Бұл туралы Ақорданың баспасөз қызметі хабарлады.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ресей Президенті Владимир Путинмен, Арменияның Премьер-министрі Никол Пашинянмен, Беларусь Президенті Александр Лукашенкомен, Қырғыз Республикасы Президенті Садыр Жапаровпен және Тәжікстан Президенті Эмомали Рахмонмен телефон арқылы сөйлесті.

Қасым-Жомарт Тоқаев Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымындағы әріптестеріне 13 кан-

тарда бітімгерлік күштердің елімізден шығарыла бастағаны жөнінде мәлімет беріп, Қазақстанға жасалған террорлық шабуыл кезінде қолдау көрсеткендері үшін алғыс білдірді.

Мемлекет басшысы ұжымдық бітімгерлік күштерінің Қазақстанға қысқа мерзімге келуі ҰҚШҰ-ның беделді халықаралық ұйым ретінде қажетті әрі тиімді екенін көрсетті деп атап өтті.

Білімді біліктілік құжатымен растаңыз

Қоғамда көп талқыланған «Қалың ойын» фильміне еске түсіріп көрейікші. Басында баспанасы не тұрақты жұмысы жоқ, қарызға белшесінен батқан адамдар ақша үшін бәріне барады. Күні кеше ғана көшеге шыққандың көбінің хәлі осындай емес пе? Ал табысы төмен, өмірден өз орнын таба алмай жүрген жандарды арандату қиын емес. Ендеше елімізде сол жұмыссыздардың саны неге артып? Сұрасаңыз, бір-екі диплом ұстағандары көп. Бар мәселе білімнен гөрі біліктілікке тірелмей ме?



«Атамекен» ұлттық кәсіпкерлер палатасы мен Білім және ғылым министрлігі бірлесіп жүргізіп зерттеу соңғы 3 жылда түлектердің 74 пайызы ғана жұмысқа орналасатынын анықтапты. Мысалы, былтырғы оқу жылында

диплом алғандардың 71 пайызы ғана жұмыс тапқан. Жоғары оқу орны бітірген түлектердің 20 мыңы әлі күнге дейін жұмысқа орналасқан жоқ. Бұған пандемия да кері әсерін тигізді. Өйткені шағын кәсіпкерліктің табысы азайып, қызметкерлер саны 11

пайызға кеміді. Нәтижесінде, қоғамда дипломды жұмыссыздардың саны күрт өскен. Олар дипломы бола тұра неге жұмыссыз? Себебі бір жапырақ қағаз маманның біліктілігіне баға бере алмайды.

(Жалғасы 4-бетте)

Әліби төңірегіндегі әңгіме

Кәнігі революционер, Қазақ өлкесінің тұңғыш Төтенше комиссары Әліби Жангелдинге қатысты түрлі аңыз-әңгімелер жиі айтылады. Ол – жер шарын аралап шыққан тұңғыш қазақ саяхатшы. Әрі 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісті ұйымдастырушылардың бірі ретінде де тарихта қалған. Сонымен Әліби Жангелдин кім? Ол еліне сатқындық жасады ма? Неге шоқынды? Степанов атын иемденуінің сыры неде?



6 >>

Көңіл айту жеделхаттары келді

Қазақстандағы қайғылы оқиғалар кезінде көптеген адамның қаза болуына байланысты Қасым-Жомарт Тоқаевтың атына шет мемлекеттердің басшыларынан, халықаралық құрылымдардың өкілдерінен көңіл айту жеделхаттары келіп жатыр. Бұл туралы Ақорданың баспасөз қызметі хабарлады.

ҚХР Төрағасы Си Цзиньпин жеделхатында Қасым-Жомарт Тоқаевтың мемлекет үшін шешуші сәтте жағдайды жедел өз бақылауына алып, батыл әрі нақты шаралар қабылдағанын жазған.

— Осыдан Сіздің саясаткер және еліңіз бен халқыңыздың алдында зор жауапкершілік арқалаған тұлға ретіндегі ерлігіңіз көрінді. Мен мұны жоғары бағалаймын! Қытай тарапы Қазақстанның тұрақтылығына нұқсан келтіретін, оның қауіпсіздігіне қауіп төндіретін, Қазақстан халқының тыныштығын бұзатын кез келген күштерге және Қазақстанда саналы түрде хаос туғызып, «түрлі-түсті революция» жасайтын сыртқы күштерге батыл қарсы шығады. Қазақстан мен Қытай арасындағы достыққа сына қауға және екіжақты ынтымақтастыққа кедергі келтіруге тырысатын кез келген әрекетке батыл қарсы тұрады, — делінген Қытай Төрағасының жеделхатында. Өзбекстан Президенті Шавкат Мирзиёев өзінің хатында Қасым-Жомарт Тоқаевқа және Қазақстан халқына көңіл айтып, еліміздегі бейбітшілікті сақтау жолында қаза тапқан қайсар ұландардың жақындары мен туыстарының қайғысына ортақтасатынын айтқан.

— Бауырлас Қазақстанда бейбітшілік пен тұрақтылықты қамтамасыз ету жолындағы Сіздің батыл күш-жігеріңізді толық қолдайтынымызды тағы да нақтылағым келеді, — делінген Өзбекстан көшбасшысының жеделхатында.

Қырғыз Республикасы Президенті Салыр Жапаров жолдаған жеделхатында Қазақстанда болған қайғылы

оқиғаларды зор күйзеліспен қабылдағанын атап өтіп, Қырғыз Республикасы халқының және жеке өзінің атынан Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевқа және қазақ халқына көңіл айтқан.

— Мызғымас достық, тату көршілік және өзара сыйластыққа негізделген халықтарымыздың көп ғасырлық ортақ тарихи, рухани және мәдени байланыстарын ескере отырып, Қырғыз Республикасы Қазақстан Республикасын қашанда ниеттес, сенімді көрші әрі стратегиялық әріптес ретінде қолдайды, — делінген Қырғыз Республикасы басшысының жеделхатында.

Беларусь Президенті Александр Лукашенко көптеген адамның құрбан болуына және ғимараттардың қирауына әкеп соқтырған содырлар тобының елімізге жасаған шабуылы халықаралық терроризмнің әлемге зор қауіп төндіретінін тағы да көрсетті деп жазған.

— Экстремистердің түпкі мақсаты — көпұлтты Қазақстандағы жағдайды тұрақсыздандыру, елде хаос орнатып, конституцияға қарсы төңкеріс жасау және саяси бағдарлы өзгерту үшін бауырлар арасында соғыс отын өршіту екені айқын, — деп жазды Беларусь басшысы.

Тәжікстан Президенті Эмомали Рахмон және Түрікменстан Президенті Гурбангулы Бердімұхамедов, сондай-ақ БҰҰ Өркениеттер Альянсының Жоғарғы өкілі Мигель Анхель Моратинос және басқа да тұлғалар қолдау білдіріп, көңіл айтты.

Жеделхаттар әлі де келіп түседі.

Бүліктің былығын сақтандыру компаниясы төлей ме?

Өткен аптадағы оқиғалар желісінде еліміздегі сақтандыру нарығын бағалаудың орайы әдемі келіп тұр. Алматыдағы және тағы да басқа қалалардағы тәртіпсіздіктер кезінде көптеген дүкен, мейрамхана, ғимарат пен тұтастай кешен, сондай-ақ автокөлік талқандалып, тоналып, тіпті өртеніп кетті. Ендеше осынау жаппай тәртіпсіздіктерден кейін сақтандыру ақшасына үміт артуға бола ма?



5 >>



АҚШ-пен тіке әуе қатынасы орнайды

Сенат Төрағасы Мәулен Әшімбаевтың төрағалығымен өткен отырыста сенаторлар елімізде болған оқиғаларға қатысты ойын айтып, Палата Спикері қаза тапқан құқық қорғау қызметкерлерінің және бейбіт тұрғындардың отбасылары мен жақындарына көңіл айтып, сондай-ақ зардап шеккен азаматтардың тезірек сауығып кетуіне тілектестігін білдірді. Содан соң депутаттар бірқатар мәселені қарады.

Елімізде болған оқиғаларға қатысты пікір білдірген Мәулен Әшімбаев Мемлекет басшысының уақытылы әрі жедел қабылдаған шешімдерінің арқасында қысқа мерзімде еліміздегі жағдай тұрақталып, мемлекетіміздің қауіпсіздігі қамтамасыз етілгенін айтты.

«Жана жыл еліміз үшін үлкен сын сағатымен басталды. Біз тәуелсіз Қазақстанның тарихындағы ең қатерлі кезеңмен бетпе-бет келдік. Шын мәнінде, мемлекеттілігімізге қауіп төнді. Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаевтың дер кезінде қабылдаған нақты шешімдерінің арқасында қылмыстық әрекеттерге тегеурінді тойтарыс берілді. Осы жолда біздің тәртіп сақшылары мен әскерлеріміздің жанкешті іс-әрекеттерінен ерекше атап өткен жөн», — деді Мәулен Әшімбаев.

Сонымен қатар Палата Спикері жыл басында болған қайғылы оқиғалар елімізде жүйелі және шыншай өзгерістер қажет екенін көрсетіп бергенін айтты. Ол Мемлекет басшысы өз сөзінде осы мәселеге тоқталғанын да атап өтті. Сондай-ақ Сенат

Төрағасы еліміз дамудың жана кезеңіне аяқ басқанына назар аударды. Ол осы жолда Парламент Сенаты ел Президентінің барлық бастамасын қолдай отырып, оларды заңнамалық тұрғыдан қамтамасыз ету үшін қажетті жұмыстарды сапалы әрі уақытылы жүзеге асыруға тиіс екенін жеткізді.

Отырыс барысында сенаторлар басқа қызметке ауысуына байланысты Қанат Мусинді Жоғарғы Сот судьясы қызметінен босату туралы Президенттің ұсынымын қарады.

Одан бөлек, депутаттар «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Америка Құрама Штаттарының Үкіметі арасындағы Әуе қатынасы туралы келісімді ратификациялау туралы» заңды қарап, қабылдады.

Бұл құжат Қазақстан мен АҚШ-тың әрбір авиакәсіпорнына біздің елдеріміз арасында кез келген бір немесе екі бағытта рейстерді жүзеге асыруға, бір әуекемесінің ұшуы шеңберінде рейстердің әртүрлі нөмірін біріктіруге мүмкіндік береді. Сондай-ақ елдер арасындағы әуе қатынасын жеңілдетуге бағытталған басқа да шаралар қарастырылған. Бұдан басқа, мұндай әуекемелерін келендік баждар мен алымдардан босату көзделді.

«Бүгін қаралған Келісім Америка Құрама Штаттарымен тікелей әуе қатынасын ашуға бағытталған. Бұл екі ел арасындағы сауда-экономикалық қатынастарды арттыруға, мемлекетіміздегі халықаралық авиарейстер санын көбейтуге мүмкіндік береді», — деді заң жөнінде пікірін білдірген Мәулен Әшімбаев.

А.СҰЛТАН

ҰҚШҰ әскері шығарыла бастады



Қазақстанда ел Президентінің шешіміне сәйкес, ҰҚШҰ ұйымының Ұжымдық бітімгершілік күштерінің миссиясы аяқталды. Осыған орай Алматы қаласында Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымына мүше мемлекеттер Ұжымдық бітімгершілік күштерінің әскери қызметшілерін шығарып салды.

Кенес Одағының Батыры, «Халық Қаһарманы», армия генералы Сағадат Нұрмағамбетов атындағы Құрлық әскерлері әскери институтының саптық алаңында өткен бітімгершілік контингенттерді шығарып салу рәсіміне ҰҚШҰ-ның Бас хатшысы Станислав Зась, Қазақстан Қорғаныс министрінің орынбасары Мұхамеджан Таласов, Алматы қаласының әкімі Бақытжан Сағынтаев қатысты.

ҰҚШҰ Ұжымдық бітімгершілік күштері тобының қолбасшысы генерал-полковник Анатолий

Сердюков барлық жеке құрамға бағыл шешімдері мен әскери борышын мінсіз орындағандары үшін шынайы алғысын білдірді. Ал ҚР Қорғаныс министрінің орынбасары генерал-майор М.Таласов Қарулы Күштердің Жоғарғы Бас қолбасшысы—Президент Қ.Тоқаев ұйымға мүше мемлекеттердің басшыларына елдегі жағдайды тұрақтандыруға жәрдемдесу үшін Біріккен бітімгершілік контингентін енгізу туралы өтініш жасағанын атап өтті.

Ол Қорғаныс министрінің атынан бітімгерші әскерлерге

Елдос СЕНБАЙ

Шетелге қашпақ болған бүлікшілер ұсталды

Құзырлы органдар террористік актілерге қатысы бар адамдарды іздеу шараларын күшейттеді. Бұл іске ҰҚК Шекара қызметінің аумақтық бөлімшелері кең тартылып жатыр. Ведомство өзара іс-қимыл аясында ИМ-нің «Арлан» арнайы мақсаттағы бөлімшесімен тізе қоса отырып, Алматы облысында жедел-іздістіру іс-шараларын жүргізіп жатыр.

Түркістан облысындағы «Шымкент» авиациялық өткізу пунктінде Түркияның Ыстанбұл қаласы бағытында ұшатын КС-7425 рейсіне жолаушыларды ресімдеу кезінде Қызылорда қаласындағы митингке қатысқан және әлеуметтік желілер мен мессенджерлер арқылы елді көшеге шығуға, тәртіпсіздіктерге қатысуға үндеген материалдар таратқан Қазақстан азаматы анықталды. Ұсталған азамат Шымкент қаласының желілік полиция бөліміне тапсырылды.

Талдықорған қаласының Полиция департаментіне жасалған шабуылға және тәртіпсіздіктерге қатысы бар деген күдікпен 8 адам және Алматы қаласындағы тәртіпсіздіктер мен тонауларға қатысы бар деген күдікпен тағы 8 адам (оның ішінде Орталық

Азия республикаларының 4 азаматы) ұсталды. Күдіктілер полиция бөлімшелеріне тапсырылды.

Бұдан бөлек, Қостанай облысының «Обаған» автомобиль өткізу пунктінде тексеру жұмыстары барысында 1986 жылы туған Тараз қаласының тұрғыны ұсталды. Оның ұялы телефонынан күш құрылымдарының арнайы жарағын — қорғаныс дулығасын, жүк кеудешесін, металл қалқансын асынып, резенке таяқты ұстап, 5 қантарда түскен фотосуреті табылды.

Тергеу іс-шараларын жүргізу үшін ол адам Ұзынкөл аудандық полиция бөліміне берілді.

Ерік ЕРДЕНОВ

«Қызыл түсті» қауіп жойылды

Елдің біраз өңірін қамтыған жаппай бейберекетсіздіктен кейін республикадағы ахуал бірте-бірте қалыпқа келіп жатыр. Осыған орай Қазақстанда террористік қауіп деңгейін өзгерту туралы шешім қабылданған. Айта кету керек, ел Президентінің 2013 жылғы 9 тамыздағы №611 Жарлығымен бекітілген қағидаларға сәйкес, террористік қауіп бірқалыпты («сары»), жоғары («қызыл сары») немесе шекті («қызыл») деңгейлерге бөлінеді.

Тиісінше, «қызылдан» «сарыға» дейін түсіріледі. Дегенмен бұл жолы бірден алып тастау ұйғарылыпты. Өйткені 14 өңірде жағдай тұрақталды.

Осы себепті Терроризмге қарсы күрес жөніндегі республикалық жедел штаб (РЖШ) Нұр-Сұлтан, Шымкент қалаларының, сондай-ақ Ақмола, Ақтөбе, Атырау, Шығыс Қазақстан, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қызылорда, Қостанай, Маңғыстау, Павлодар, Солтүстік Қазақстан және Түркістан облыстарының аумақтарында терроризмге қарсы операцияның аяқталғанын және террористік қауіптің шекті «қызыл» деңгейінің жойылғанын хабарлады.

Ал Алматы қаласында, Алматы және Жамбыл облыстарында жаппай тәртіпсіздік кезінде террористік және өзге де қылмыстық әрекетке қатысы бар адамдарды әшкерелеу және ұстау бойынша



шаралар іске асырылып жатыр. Сондықтан бұл өңірлерде терроризмге қарсы операция жалғасып, террористік қауіптіліктің шекті «қызыл» деңгейі сақталады.

Шешімді РЖШ басшысы — Ұлттық қауіпсіздік комитетінің төрағасы жоғарыда айтылған ел Президентінің 2013 жылғы Жар-

лығымен бекітілген «Терроризм актісі катерінің туындауы туралы ақпарат мониторингінің және халықты хабарлар етудің мемлекеттік жүйесінің ұйымдас-тырылуы мен жұмыс істеуі қағидаларына» сәйкес қабылдады.

Елдос СЕНБАЙ

Экс-төрағаға ауыр айып тағылуы мүмкін

Ұлттық қауіпсіздік комитеті ҰҚК-нің бұрынғы төрағасы Кәрім Мәсімовке және өзге де адамдарға қатысты «мемлекетке опасыздық жасау» фактісі бойынша сотқа дейінгі тергеуді жалғастырады. Бұған қоса, басты күдікті елде төңкеріс жасап, билік басына келуге тырысқан деген күдікке де іліккенге ұқсайды. Оның мән-жайын ҰҚК баспасөз қызметі хабарлады.



«Осы істің аясында билікті күшпен басып алуға және лауазымдық өкілеттіктерін асыра пайдалануға бағытталған іс-әрекеттер фактілері бойынша қосымша сотқа дейінгі тергеп-тексерулер басталды», — деп мәліметті комитет.

Аталған қылмыстарды жасады деген күдіктен К.Мәсімовтен басқа ҰҚК төрағасының бұрынғы орынбасары — «А» арнайы мақсаттағы қызметінің бастығы Әнуар Салдықұлов пен ҰҚК төрағасының бұрынғы орынбасары Дәулет Ергожин ұсталды.

Тергеу жалғасалды.

Е.ЕРДЕНОВ

Халықаралық рейстер қайта ашылды

Бүліктен ең көп зардап шеккен Алматыға ұшақтар қайтадан қатынай бастады. Соқырлардың бір тобы жергілікті әуежайды басып алып, тонаған соң мегаполистің «әуе қақпасы» жабылып, шетелден қайтқан алматылықтар Нұр-Сұлтан қаласына қонуға және ары қарай қалаға теміржолмен оралуға мәжбүр болды. Алматы тұрғындары бұл қиындықтан енді құтылмақ: кеше қала әуежайынан алғашқы жолаушылар аттанды.

Алматы әуежайы жұмысын қалпына келтіргеннен кейін алғашқы жолаушылар Алматы—Нұр-Сұлтан бағытында сапар шекті. Ішкі және халықаралық рейстер әуекомпанияларының ұшу кестесіне сәйкес сағат 8.00-ден 21.00-ге дейін жүзеге асырылатын болады.

Қазір Нұр-Сұлтан—Алматы—Нұр-Сұлтан бағыты бойынша Air Astana, SCAT және Qazaq Air рейстерді орындауды жоспарлап отыр.

Сондай-ақ Алматы әуежайына алғашқы халықаралық рейс те келді. Атап айтқанда, Air Astana әуекомпаниясының Анталья—Алматы бағытындағы бірінші ұшағы қонған.



Бұдан бөлек, Air Astana авиакомпаниясы Коломбо—Алматы, ал Asiana Airlines әуекомпаниясы Алматы—Сеул бағыттары бойынша халықаралық рейстерді орындауға кірісіпті. Түркияға да ұшақтар қайтадан ұша бастайды.

Өзге өңірлерге келсек, кеше Нұр-Сұлтаннан және елорда бағытында 32 халықаралық рейс орындалды. Бұлар Мәскеу, Будапешт, Дубай, Ыстанбұл, Минск, Варшава, Баку, Киев, Ташкент, Екатеринбург, Новосібір, Пхукет және Коломбо бағыттарын қамтыды.

13 қантарда жоспарға сәйкес, Ақтау, Шымкент, Түркістан, Атырау, Ақтөбе, Қарағанды

қалаларынан және оларға қарай 31 халықаралық рейс жасалған. Әуе көліктері казакстандық қалаларды Анталья, Коломбо, Тбилиси, Калининград, Мәскеу, Үргеніш, Дубай, Ыстанбұл, Нөкіс, Ереван, Ташкент, Қазан, Кутаиси, Амстердам, Гоамен байланыстырды.

Германияға жоспарланған рейс уақытша тоқтатылған.

Астанада немістің Lufthansa әуекомпаниясынан басқа авиакомпаниялардың барлығы рейстерін толық қалпына келтіріп, кесте түзді.

Айхан ШӘРІП

Терроризмге байланысты 44 іс қозғалды

Бас прокуратураның мәліметтеріне қарағанда, еліміздің бірқатар аймағын қамтыған тәртіпсіздіктер кезінде террористік шабуылдар ұйымдастырғандарды тергеп-тексеру қарқынды жүріп жатыр. Мамандар адам шығыны болған оқиғаларды тергеп-тексерулерге ерекше назар аударып отыр.

Әзірге адам шығыны болған жағдайлар жайлы толық мәлімет жоқ. Дегенмен қазірдің өзінде терроризм фактілеріне қатысты 44 қылмыстық іс қозғалған.

«Әрбір факт тиісті құқықтық баға берумен мұқият тергеп-тексерілетін болады.

Төтенше жағдай режимі кезеңінде жасалған құқықбұзушылықтар үшін 6 966 өкімшілік іс қозғау

туралы хаттама толтырылды, әртүрлі өкімшілік жауаптылыққа 4 918 адам тартылды, оның ішінде 1 978 адам қамауға алынды. 791 адамға айыппұл салынды және 2 149-ы ескертілді. Соттардың қарауында 2 048 материал бар», — делінген Бас прокуратура таратқан мәлімдемде.

Сонымен қатар Бас прокуратура жедел-тергеу топтары 494 қылмыстық істі тергеп жатқанын мәлімдеді. Оның ішінде терроризмнен бөлек 34 жаппай тәртіпсіздікке қатысу, 15 адам өлтіру дерегі бойынша тергеліп жатқан істер бар. Ал қылмыс жасағаны жөнінде күдікке ілінген 524 адам уақытша ұстау изоляторына қамалса, соттың санкциясымен қамалғандар саны 412 адамға жетті.

А.СҰЛТАН

Қоғамдық қабылдаулар жұмысын тоқтатқан жоқ

«Nur Otan» партиясы қашанда халықпен бірге екенін көрсетіп, өзінің барлық қушқуатын елдікті сақтауға қамтамасыз етуге бағыттап келеді. Сондықтан елімізде болған төтенше жағдайдан соң партияның бүкіл ресурсы Мемлекет басшысының елдегі тұрақтылықты қалыптастыруға бағытталған тапсырмаларын толықтай орындап жатыр.



Соның ішінде «Nur Otan» партиясының қоғамдық қабылдаулары жұмысын тоқтатқан емес. Мысалы, 2022 жылғы 1-11 қаңтар аралығында 622 адам хабарласса, оның 283-і «111 шұғыл қызметі» бойынша байланысқан. Партия филиалдардың барлық қоғамдық қабылдау бөлмелері мерекеге

байланысты қаңтардың алғашқы бес күні онлайн форматта жұмыс істесе, 111 қызметі 1 қаңтардан жұмысын бастап кеткен. Түскен 622 өтініштің алтауы елдегі дүрбеленге байланысты хабарласқан. Мәселен, 5 қаңтар күні партияның Call-орталығының жедел желісіне негізінен интернеттің болмауы, банктердің жұмыс істеу-істемеуі мен митингіге қатысты мәселелер қозғалған. Шымкент, Тараз, Ақтау, Алматы және Ақтөбе қалаларында да осы

мәселелер бойынша хабарласқан екен.

Жалпы, түскен өтініштер негізінен мына мәселе бойынша болған: — әлеуметтік қамсыздандыру мәселелері — 44%, жұмысқа орналастыру және еңбек құқығын бұзу — 8%, ТКШ — 7%, тұрғын үймен қамтамасыз ету — 6%, сот және құқық қорғау жүйесі — 3%.

«Nur Otan» партиясының қоғамдық қабылдауы 67 қабылдау өткізіп, 136 адамның өтініші тыңдалды. Атап айтсақ, партия фракциясының мүшелері оның ішінде барлық деңгейдегі мәслихат депутаттары — 19 қабылдау өткізіп, 41 адам қабылданды. Ал қала аудандарының әкімдері мен әкімдерінің орынбасарлары 5 қабылдау арқасында 10 адам тыңдалды. Жергілікті атқарушы органдардың басшылары 12 рет қабылдау жасап, 29 адамның мәселесі тыңдалды. Партия филиалдарының басшылары 14 қабылдау өткізіліп, 33 адам қабылданды. Заңгерлер, медиаторлар мен нотариустардың өткізген 17 қабылдауында 23 адамға көмек көрсетілді.

Жол ақысы төмендетілді



«Nur Otan» партиясы Қарғалы аудандық филиалына Бадамша ауылының тұрғыны Есен Салимов көмек сұрай келді. Ол өз кезегінде Ақтөбе қаласына қатынайын таксопарктердің жол ақысын төмендету мәселесін сөз етті.

округінің әкімімен бірлесе отырып өтініш інісін мәселесін шешу бойынша келіссөздер жүргізді. Нәтижесінде өтініш інісін мәселесі оң шешімін тапты. Атап айтқанда, «Қарғалы» бастауыш партия ұйымының төрағасы, Бадамша ауылының әкімі жергілікті таксопарк иелерімен кездесу ұйымдастырып, облыс орталығы Ақтөбе қаласына жүретін таксилердің жол ақысы 20%-ға төмендетілді.

«Nur Otan» партиясы Қарғалы аудандық филиалы «Қарғалы» бастауыш партия ұйымының төрағасы, Бадамша ауылдық

Еліміз бойынша депутаттар, бастауыш партия ұйымдарының мүшелері және «Jas Otan» Жастар қанатының белсенділері коммуналдық қызметкерлерге, полицияға көмек көрсетуді және азаматтардың өтініштеріне ден қоюды жалғастырып жатыр. Бұл туралы партияның баспасөз қызметі хабарлады.

Өңірлердегі азаматтарға көмек қолын созды



мінде көмек көрсетті. Бірқатар өңірде алғашқы күннен бастап қоғамдық жасақтар құрылды. Мәслихаттардағы фракция мүшелері мен «Nur Otan» бас-

тауыш партия ұйымдарының басшылары Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың жақында өткен Мәжіліс отырысында қойған міндеттерін

халық арасында белсенді түсіндіру жұмыстарын жүргізіп жатыр.

Партияның баспасөз қызметінің мәліметінше, «Nur Otan» қоғамдық қабылдау бөлмелері де жұмысын жалғастыруда. Биыл 1 қаңтардан бастап 622 адам жүгінп, оның 283-і «111 шұғыл қызмет» байланыс орталығына хабарласқан. Азаматтардың толғаңдыратын негізгі мәселелер — әлеуметтік қамсыздандыру, жұмысқа орналасу және еңбек құқықтарының бұзылуы, тұрғын-үй коммуналдық шаруашылық сынды мәселелер.

Депутаттар, партия мүшелері — мемлекеттік органдардың басшылары 67 қоғамдық қабылдау өткізіп, 136 адамның мәселесі қаралды.

Газ құбырын орнатып берді

«Nur Otan» партиясы Сарыағаш аудандық филиалының қоғамдық қабылдау бөлмесі өткізген көшпелі қабылдауға қатысқан Жарты төбе ауылдық округінің тұрғыны Б.Бағатова үйіне газ құбырын тартып беруді сұрады.

шелері, аудандық мәслихат депутаттары Ж.Сүлейменов пен Т.Жұмабеков тарапынан жанжақты қаралған болатын.

Қыс мезгілінде қиындыққа ұшыраған аз қамтылған отбасының жағдайын ескере отырып, жылумен қамтамасыз ету үшін «Nur Otan» партиясы фракция мүшелері, аудандық мәслихат депутаттары демеушілік жасады. Нәтижесінде, өтініш иесі Б.Бағатованың үйіне газ құбыры орнатылды.

Мұқтаж азаматтың мәселесі «Nur Otan» партиясы «Жарты төбе» бастауыш партия ұйымында партия фракциясы мү-

Дайындаған Әбілмансұр ЖАСАН

Ішкі көші-қон бақылаудан шықса...

Дұрыс дамуды көздеген кез келген мемлекет ішкі көші-қон мәселесін реттеуге ұмтылады. Себебі ауылдан қалаға халық ағылған сайын экономиканың түрлі салаларына салмақ түсіп, өңірлер арасындағы айырмашылық ұлғая түседі. Бақылаусыз кеткен ішкі миграцияның қандай қатері бар екенін Алматы мен өзге қалаларда болған дүрбелең анық байқатты. Еліміздің ең ірі мегаполисі Алматыда урбанизация жүйесіз қалыптасып келе жатқаны бұдан бұрын Шаңырақ пен Бақай оқиғасынан байқалған. Бірақ урбанизацияны бақылау, мүмкін бе?.

Жадыра МҮСІЛІМ

ӘЛЕМ ЕЛДЕРІНЕН САБАҚ АЛДЫҚ ПА?

Үкімет елдегі кез келген мемлекеттік бағдарламаны қолға алғанда әлемдік тәжірибеге сүйенеді. Әйткенмен шетелге турист ретінде де, іс-сапарлатып та жиі жол жүретін шенділер көші-қон мәселесіне келгенде шетелдік мысалға көз жұма қараған секілді. Әйтпесе әлемнің әдемі қалаларына табаны талай рет тиген үкіметтің адамдары сол елдің тыныс-тіршілігін бізден жақсы білмесе, кем білмейтіні рас.

Мәселен, Бразилияның ірі қалаларындағы шет аймақтар қазір қылмыстың ордасына айналған. Кейбір мен бандиттер тұратын қараңғы жерлерді олар өз тілінде «фавелалар» деп атайды. Бұл фавела бір күнде пайда болған жоқ. Елдегі урбандалу жүйесіздігінің «жемісі». Бүгінде полиция мен әскерилердің өзі фавелаларға арнайы операция аясында бронды көлікпен ғана кіретін жағдайға жетіп отыр. Рио-де-Жанейродағы Шападау, Сан-Паула фавеласына кірген бөтен адамның аман шығуы қиын. Жаңа Гвинейдегі жағдай да Бразилиямен бірдей. Бұл елдегі ірі қалалардың іргесінде де негізінен тұрақты табыс таппайтындар тұрады. Елдегі халықтың баппы молшылықта өмір сүрсе, көшіп келушілердің көбісі кедейшілікте күндерін өрен көріп жүргендер. Ал әлемдегі ең танымал қала Гонконг екі жыл бұрын Париж және Сингапурмен бірге әлемдегі ең қымбат қалалардың рейтингіне кірді. Бірақ сәулеті келіскен қымбат қаланың шетіндегі Монгкок ауданы мегаполистің екінші қырын көрсетеді. Монгкоктың көпқабатты ескі ғимараттарында ондаған мың гонконгтықтар өмір сүріп

жатыр. Үй деп айтылғанымен, тұрғындар кәдімгі темір тор және плацкарт вагонындағы сөре өлшеміндегі бөлмелерде, табыт үйлерде тұрады. Өйткені қалада тұрғын үйді жалдау құны шарықтап кеткен. Ал қаланың жеті жарым миллион тұрғыны пәтер сатып алмақ түгілі лайықты тұрғын үйді жалға да ала алмайды. Статистикаға сенсек, қазір мегаполисте 250 мың халық кедейлік шегінде өмір сүреді.

ХАЛЫҚТЫҢ ЖАЙЫНАН ХАБАРЫ ЖОҚ

Әлем елдеріндегі жағдайға күлетін Алматы мен Нұр-Сұлтан, Шымкент секілді халық саны көп орталық қалалардың айналасында толық бақыланбайтын «шет аймақтар» көбейіп келеді. Қалталылар көшіп келушілерге арнап бір бөлмелі жатақтар салып, ай сайын пәтеракысын алады. Үй дегені болмаса, олардың көбінде адам өміріне қолайлы жағдай жоқ. Елорданың шынайы әлеуметтік бейнесін көру үшін Есілдің оң жағалауына бару жеткілікті. Әсіресе, вокзал маңы, базарлардың айналасы халықтың шынайы тұрмысын көрсетеді. Ал ару қала Алматыдан арман іздеп барғандардың дені орталықтың өзінде емес, шет жактардағы аудан мен ауылдарда, қала берді Алтын Орда секілді базар маңындағы жатақтарда тұрып жатыр.

Алматыға осыдан бес жыл бұрын көшіп келген Алмагүл Ізбасарова мамандығы бойынша екі қолға бір күрек таппай жүр. Ал отағасының таннан кешке дейін жолаушы тасымалдап тапқан ақшасы күнделікті асына жұмсалады. «Мамандығым — тарих пәнінің мұғалімі. Бірақ өз салам бойынша жұмысқа тұра алмадым. Қазір қаланың сыртында тұрып жатқандықтан, үш баламды апаратын жақын жерде балабақша жоқ, аялдама алыс. Жолдасым танертең ерте кетіп, кеш келеді. Бұлай өмір сүрген ешкімге ұнамайды ғой. Ауылда жолдасым жұмыс жоқ. Оның үстіне қатарымыздан қаламай, балаларымыздың болашағы үшін қаладан жер алып, үй салғымыз келді. Бірақ жалғыз жолдасымның тапқаны ай сайынғы пәтеракы мен тамақтан артылмайды», — дейді Алмагүл Ізбасарова. Алмагүл секілді алып қалаға арман іздеп келгендер көп. Көші-қон полициясының дерегіне, 2015 жылдан бастап Алматы мен Нұр-Сұлтан, Шымкент секілді қалаларға көшіп келгендердің саны анағұрлым өскен. Мысалы, былтыр Нұр-Сұлтанға көшіп келгендер саны — 25 086 адам. Екінші орында Алматы, мегаполисте 24 351 адам



Елшір ҚАБА (фотоархив)

қоныстанған. Ал Шымкентке биыл 9 459, Маңғыстау облысына 238 адам көшіп келген. Алматы қаласы бойынша Жұмыспен қамту орталығына былтыр 45 мыңнан астам адам жүгінген. Оның 27 мыңнан астамына орталық тұрақты жұмыс орындарын табуға көмектесе, 10 мыңнан астам адам уақытша жұмысқа ғана орналастырылған. Демек, мегаполиске қоныстанушылар көбейген сайын жұмыссыздық та өсе түседі деген сөз.

ЖҮЙЕЛІЛІК ЖЕТІСПЕЙДІ

Деректерге сүйенсек, қазір халықтың 60 пайызы қалада, 40 пайызы ауылда тұрады. Ауылда тұратын 40 пайыз халықтың көбі егде жастағылар, яғни 40-50 жастағандар. Ал қала тұрғындарының көп бөлігі жастар. Мамандардың болжауына 2050 жылдарға таман халықтың 80 пайызы қалада тұрады. Бір сөзбен айтқанда, урбандалу үрдісінен қашып құтыла алмаймыз.

Әлеуметтанушы Илияс Тілеуберенов урбандалудың негізгі себебін адамдардың жақсы өмір сүруге ұмтылысы, өмір сапасын арттырғысы келуімен байланыстырады. Айтуынша, өмір сапасының жақсаруы жұмыс, денсаулық, білім беру мен бос уақытты тиімді өткізуге арналған орындардың болуынан басталады. Одан басқа қауіпсіздік, адамның қоршаған ортасы, яғни араласатын дос-жарандары болу керек. Осы айтылғандар қандай жерде жақсы дамыса, адам сол жерге ағылады. Ауылды жерлерге саябақ орнатып, балабақшалар мен хауыздар салып, спорт секцияларын жасап беріп, бірақ жұмыс

болмаса жұрт жұмыс іздеп бәрібір қалаға кетеді. Өйткені жұмыс болмаса табыс болмайды. Саябақ пен кинотеатрға баратын адамда қаражат болмаса, ол жердің барлығы қанырап тұрады. Осы себептен де халықтың жартысы Нұр-Сұлтан, Алматы мен Шымкент, Атырау мен Ақтөбе, Қарағанды көшеді. Осы алты қалада адамдардың шоғырлануы жиіленіп барады. Бірақ соңғы уақытта тағы бір үрдіс бар. Ол — қалалықтардың шетелдерге кетуі. Өйткені медицина мен білім сапасына қөңілі толмайтындар, өзі мен ұрпағы үшін ары қарай дамитын жер іздейтіндер көбейіп келеді.

Урбандалудың бірден-бір себебі — жұмыс пен алатын қызметтердің сапасы. Осылай деген әлеуметтанушы «халық орталыққа қала болғаны үшін ғана көшпейді» деп отыр. «Әлемдік тенденцияға қарайтын болсақ, урбандалу барлық елде жүріп жатыр. Кейбір елдерде қалалару процесі жақсы, екінші елдерде нашар жүреді. Мысалы, Латын Америкасы мен Африка елдеріндегі орталық қалалардың шет аймақтарында қылмыс көп. Қазір бізде де елорда деп келген қоныс аударушылар үшін орталықтағы пәтерлер қымбат, сол үшін Нұр-Сұлтанға айналасындағы Қосшы, Қоянды мен Малиновка секілді жерлерге қоныстанады. Сөйтіп ол жерде әлеуметтік проблемалар басталады. Латын Америкасы елдерінде де дәл осылай басталған. Үлкен қалалардың шет жағына қоныс тепкен әлеуметтік осал топтар, маргиналдардың тұрақты жұмысы, не табысы жоқ болғандықтан қылмыспен айналысуға жақын бола бастады.

Сондықтан урбандалу үрдісін дұрыс реттесе, билік пен қоғамның арасында үлкен проблема туындауы мүмкін. Бұл проблеманың басын кешегі оқиғадан көріп отырмыз», — дейді Илияс Тілеуберенов.

ҚАЙТПЕК КЕРЕК?

«Еңбек» бағдарламасы бойынша халықты түстіктен теріскейге, «Серпін» бағдарламасы арқылы студенттерді оңтүстіктен солтүстіктегі оқу орындарына көшіру жоспарланды. Бірақ бағдарлама өз нәтижесін бермеді. Өйткені бағдарламаны жүйелі түрде жүзеге асыру тетіктері болмады. Шенеуіктердің салғырт-салақтығы тағы бар. Оған жұмыстың жоқтығы мен ауа райының қолайсыздығын қосыңыз. Бір қызығы, Солтүстік Қазақстан облысында халық саны азайып жатса, Петропавл қаласының халқы өсіп келеді. Бұл да халықтың ауылдан қалаға көшіп жатқанын ғана көрсетеді.

Сол үшін Үкімет қандай да бір бағдарлама қабылдаса бұрын жергілікті жердің халқынан үш үшін кетіп жатқанын, ал көшіп келіп жатқандардан не жасап беруге болатынын сұрап білуден бастағаны жөн екенін айтты сарапшы. «Мемлекет жұмыс бермейді. Осыны халық пен Үкімет түсіну керек. Жұмысты кәсіпкер береді. Үкімет кәсіпкерге жағдай жасайды. Үкімет кәсіпкерлерді халықтың ең негізгі дамушы тетігі ретінде қарастырып, барлық жағдайды жасайтын болса, кәсіпкер өзі-ақ келетін жұмысқерлерге барлық жағдайды жасайды. Қазіргі жағдайда Үкімет кәсіпкерлерге субсидия береді де «Қоластына оңтүстіктен келген адамдарды жұмысқа ал, мен сендерге жол мен сұтартып беремін» дейді. Бірақ ол жерде кәсіптің көзі бар ма, бұған Үкімет басын ауыртпайды. Бұл қате. Кәсіпкерлер қай жерден кәсіп ашқысы келеді, қанша адам қажет, жұмысшыларды ұстап тұру үшін не керек екенін біліп, Үкімет соған қарай әрекет етуі тиіс», — дейді әлеуметтанушы.

Көріп отырғандай, митингке шыққандардың шырлығы қазіргі көші-қон үдерісінің шынайы кейпін тағы көрсетті. Тұрақты табысыз, үйсіз-күйсіз жүрген адамның бойында протестік ой қоғамдағы шешімін таппаған мәселе мен әділетсіздіктен туындайтын түсінігін уақыт жеткі. Қарны ток, киімі бүтін адамның өзі іштей билікке наразы болуы мүмкін. Бірақ алаңға ашығанын, көбінесе шегінерге жері жоқ, жоғалтатын ештеңесі жоқ адамдар шығады. Билік алаңға шығатын адамдарды азайтып, жат ағымның жетегінде кететіндерді жүгендеу үшін де ашығған адамдардың пікіріне құлақ түргені керек-ақ.

Мәдениет министрі не тындырып еді?



Жаңадан тағайындалған Үкімет құрамына Ақтоты Райымқұлова кірмеді. Мәдениет пен спортқа бас-көз болатын мекемені екі жарым жыл басқарған экс-министрдің осы мерзім ішінде қандай әрекетімен немесе сөзімен есте қалғанын көпшілік бірден есіне түсіре алмауы мүмкін. Дегенмен бұрынғы министрдің кезінде де атқарылған тәуір істер мен жүзеге аспаған жобалар болғаны рас. Еске түсіріп көрсек.

Елдос СЕНБАЙ

ФЕСТИВАЛЬ-ДУМАН ЗАМАНЫ АРТТА ҚАЛДЫ

2014 жылы Мәдениет министрлігінің тізгінін Арыстанбек Мұхамедияұлы ұстады. Ол филармония, оркестр, мәдени бағдарламалар, Ұлттық өнер академиясы секілді мәдениеттің түрлі секторында тәжірибе жинаған, өне бойына саланың иесі сінген өз адамы саналатын. Демек, мәдениетті бір көтерсе, сол көтеретіндей болған. Үміт ақталмады. Саланы бес жыл басқарып, әр реформаның пұшпағын бір ұстап, ірі нәтиже шығара алмаған, басы түрлі дауға шатылған А.Мұхамедияұлы 2019 жылы орынтағынан ауып қалды.

2019 жылғы 17 маусымда жана Президент Қ.Тоқаевтың Жарлығымен «Мәдениет және спорт министрі» лауазымына Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, композитор, оған дейін салада вице-министр болған Ақтоты Райымқұлова тағайындалды.

Атап өтер жайт, А.Мұхамедияұлы мәдениет саласында билік еткен тұс — сан алуан фестивальдар, сән-салтанатты рәсімдер, аса қымбат жобалар дәуірі болыпты. Мысалы, 2015 жылы министрдің басқаруымен «Қазақ елі» атты 10 сериялы тарихи-драмалық телехикая түсіру қолға алынды. Министрдің өзі «Алмас қылыш», «Алтын тақ» көркем фильмдерінің, «Қазақ хандығына 550 жыл» деректі фильмінің, «Қазақ елі» мультфильмдерінің және басқасының көркем жетекшісі, «Қазақ хандығына 550 жыл» гала-спектаклінің, «Опералия Пласидо Доминго» халықаралық вокалестер конкурсының авторы және режиссері болды.

А.Мұхамедияұлы сондай-ақ «Қазақстан — Еуразия жүрегі» халықаралық конкурсының, «Песня без границ» халықаралық фестивалінің, «Елім менің», «Тәуелсіздік толғауы» конкурстарының ұйымдастырушысы болды. Министрлік Voice of Astana эстрадалық музыканың халықаралық

конкурсын, «Еуразия» халықаралық кинофестивалін және басқасын жыл сайын дүридетіп өткізіп, шетелден және Ресейден аты «жұлдыз», заты арзанқол актерлер мен әншілерді шақырып, алдына қызыл қалы кілем төсеп, әлек-шәлек болды. Францианың Notre Dame de Paris мюзиклін қазақша алап бір рет көрсету үшін қыруар шығын шығарды. Сол кездегі қаптаған той-томалақтың толық тізімі тым ұзын.

Бұл бюджет ақшасын министрлік аяусыз шаққан кезең еді. Саладағы билік басына А.Райымқұлова келгеннен кейін ахуал өзгерді. Жана министр қарапайымдық танытты. Үкімет пен Парламент мәдениет саласына бөлінетін қаражатты көп қысқартып тастады. Алдыңғы министр тұсында іріесі қаланған халықаралық кинофестивальдар мен конкурстарды өткізу тоқтатылды.

Өзгермесе шара да жоқ еді: әлемде коронавирус пандемиясы басталды. Мысалы, 2018 жылы Қазақстанда «мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық қеністік» саласына 149,4 миллиард тенге жұмсалыпты. Бұл — министрліктің өз шығындарының сыртындағысы! Ал 2020 жылғы екі айда бұл бюджеттік бағдарлама шығыны 74,1 миллиард, 2021 жылы 65,4 миллиард тенгеге дейін азайтылыпты.

ӨЗІ ДЕ, ЖЕТІСПІГЕ ҚАРАПАЙЫМ МИНИСТР

«А.Райымқұлова тұсында мәдениет саласы нендей жетістікке жетті?» деген сауалға сарапшылар да жауап табуға киналады. Оның қорғауымен 2019 жылдың 26 желтоқсанында «Тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану туралы» жаңа заң қабылданды. Оның мақсаты — тарихи-мәдени мұра объектілерін жаңғырту, сақтау және танымал ету. Бұл атабадан мұраға қалған тарих және мәдениет ескерткіштерін қорғап, пайдалану шараларын біршама күшейтті. Оларды сақтаудың жаңа тәсілдемесі мен тың тетіктері енгізілген.

Мәдениет және архив ұйымдары қызметкерлерінің жалақысы 50%, ал өңірлік ұйымдар қызметкерлері үшін 35%-ға артты. Бұл қызметкерлердің жалақысын 2025 жылға дейін 20%-ға жыл сайын арттыру көзделген.

2021 жылғы 1 мамырда Қазақстанда алғаш рет балалар мен жасөспірімдерге арналған мемлекеттік шығармашылық және спорттық тапсырыс іске қосылды. Оны қаржыландыруға жергілікті бюджеттер жауапты. Бұл Artsport.edu.kz порталы арқылы шығармашылық үйірмелер мен спорт секцияларын халыққа қолжетімді етуге біршама ықпал етті. Бүгінде 4-17 жастағы 283 мыңнан астам бала тегін қатысады: 150 мыңға жуығы — спорт, 133 мыңнан астамы шығармашылық бойынша.

Ата-баба анаған азаттықтың мерейлі межесін лайықты атап өту де А.Райымқұлованың еншісіне түсіпті. Дегенмен сарапшылар тәуелсіздік тойы жетім қыздын тойындай болып, ізгі жобаларымен, игілікті бастамаларымен ел есінде қалмағаны айтады. Министрліктің мәліметінше, былтыр 30 жылдықты мерекелеу бойынша республикалық іс-шаралар жоспарына сәйкес, 46 мыңға жуық қоғамдық маңызды, ауқымды, жана жобалар өткізілді: мәдениет саласында — 45 000, спорт саласында — 500, туризм саласында 100-ге жуық іс-шара.

2020 жылы ел тарихында алғаш рет жана мереке — «22 желтоқсан — Архивші күні» пайда болды. 2021 жылы «Электронды құжаттардың бірыңғай архиві» («Е-Архив») ақпараттық жүйесі қолданыса берілді. Е-Архивке 223 мемархив, 421 аумақтық меморган, 60 орталық және 870 жергілікті атқарушы орган қосылған.

МИНИСТРДІҢ ТІСІ БАПТАҒАН ІСТЕР

Бір маңызды жайт назар аудартады: 2022 жылдың алғашқы күндерінде еліміздің көптеген өңірінде наразылық акциялары бүрк ете қалғанда ең алдымен зиялы, шығармашылық қауым, мәдениет пен өнер адамдары халықтың алдына шығып, елге басу айтуы қажет еді. Бұқараны сабырға шақырған жекелеген өкілдерін айтпағанда, әнші, ақын, жазушылардың бір бөлігі бас көтеруден мен қарсылықты қолдады, қалғандары бас бұғып қалды. Наразылық шаралары жаппай тәртіпсіздіктер мен лаңкестік актілерге ұласқанда да олар тымыртыс, тығылып отырды.

Тек Мемлекет басшысының пәрмені мен тегеурінді шаралары арқасында республикадағы жағдай бақылауға алынып, ахуал тұрақтала бастағанда, яғни 8 қантарда мәдениет ведомствосына (МСМ) сенет жан бітіп, «Мәдениет, спорт, туризм саласының қызметкерлері ел Президенті Қ.Тоқаевтың ұстанған бағытын қолдайтынын білдірді» деген мәлімдеме таратты. Ақтоты Райымқұлова ең керекті кезде, алмағайым шақта мәдениет, өнер, шығармашылық, туризм және спорт қоғамдастығын Тоқаевтың айналасына топтастырып, жұмылдыра алмады. Сарапшылар оның ең үлкен қателігін де осыдан көреді.

Елге сыйлы, сөзі өтімді осы топтардың әлеуетін, қуат-энергиясын, синергиясын Президент бастамалары мен реформаларын қолдауға бағыттау ісін енді идеология саласының бір білгірі, жана Мәдениет және спорт министрі Дәурен Абаев жүзеге асыратын болады.

Қазақ елінің тәуелсіздігін нығайтуға бағытталған тарихи бастамалардың бірі — Елбасы Н.Назарбаевтың тапсырмасымен қазақ тілін кириллицадан латын графикасына көшіру болатын. Латынша қазақ алфавитін жасау және енгізу жұмысына басыпты ету МСМ-ге жүктелді. Меморган төрт жылдан бері «тер төгіп келеді», бірақ министрліктенде, Қазақ тілі әліпбиін латын графикасына көшіру жөніндегі ұлттық комиссия мүшелерінің де жұмыс нәтижесі елдің және ел басшылығының көңілінен шықпады. Ақыр соңында латын әліпбиесіне көшу белгісіз мерзімге тоқтатылды.

Мәдениет министрлігі мемлекеттік тілдің өрісін кеңейту, оның мәртебесін этносаралық қарым-қатынас тіліне дейін көтеру саласында өнімді нәтижеге қол жеткізе алмады. Тілдерді дамытудың жана бағдарламасын да әзірлей алмаған: бұл сала ұлттық жоба форматына ауыса алмай қалды. Сарапшылар мен халықтың қатаң сыннан кейін Мемлекет басшысының тапсырмасымен тілдерді дамыту саласы былтыр Мәдениет және спорт министрлігінен алып қойылып, БҒМ-ге берілді.

МӘДЕНИЕТІ АҚСАҒАН ЕЛ

А.Райымқұлова министр орынтағына отыра сала одақтарға сүйенуге, соларды тірек етуге тырысты. Қазақстанда бүгінде Жазушылар одағы, Суретшілер одағы, Кинематографистер одағы сияқты жалпы саны 17 республикалық шығармашылық одақ жұмыс істейді. Ақтоты Рахметоллақы Үкіметтің, Парламент жиындарында мемлекет қаржылай көмектеспесе, бұл одақтардың нарық жағдайында қызмет атқармақ түгіл аман қалуы қиын болатынын қайталаумен болды. Ақыры 2020 жылы алғаш рет одақтардың жобаларын жүзеге асыруға мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс берілді: министр ханымға бюджеттік 257 млн тенгеге олардың 27 жобасын қаржылай қолдауға рұқсат етілді. Арты не болды? Біріншіден, одақтар бұл соманы қосынған. Екіншіден, әлеуметтік тапсырыстың күрделі критерийлеріне сай болу, қаптаған есеп тапсыру секілді талаптарды қиынсынған.

Себебі ол конкурстарға одақтар өзі ғана қатысып, мемтапсырысты жеке жәукемедегісі келеді, ал заңнама ол сатып алуларда барлық ҰЕҰ-ға бақ сынауға мүмкіндік береді. Содан одақтардың қатысуға ынта-қылас танытпауы, тәжірибесінің жоқтығы кесірінен конкурстар жаппай «өтпеді» деп танылды. Қаражат пандемия аясында қысқартуға ілігіп, мембюджетке қайтарылды.

Осыдан кейін министр түсініктеме жұмыстарын жүргізсе керек, келесі 2021 жылы шығармашылық одақтардың 7 жобасы 46,6 миллион тенгеге осы тапсырыс аясында қаржыландырылды. Одан елге не пайда келді? Министрлік дерегінше, одақтар бюджеттік миллиондарға әдеби курстар,

семинарлар өткізген, жас айтыскер ақындар, кинематографистер, театр ісінің мамандары, жас орындаушылар мен сазгерлер үшін шеберлік сабақтары, суретшілер үшін арт-симпозиум ұйымдастырған.

Тәбет ас үстінде келеді деген, осыдан кейін министр одақтарды қаржыландыру көлемін жарты миллиард (500 млн) тенгеге дейін күрт арттыруды сұрап, бюджеттік өтімді берді. Ұсыныс Қаржы министрлігінің қарауында жатып қалды. Шығармашылық одақтарды бюджеттен қаржыландыруға қошу, сондай-ақ өзге ҰЕҰ-ларсыз, одақтарды «адресті» қолдау үшін оларға «салалық мемлекеттік гранттар тағайындау» жөніндегі А.Райымқұлованың бастамасы әзірге «ауада ілініп тұр». Жана министрдің оны ары қарай жүзеге асыра-асырмасы әзірге белгісіз.

2021 жыл «Балалар әдебиеті жылы» деп жарияланды. Балалар әдебиетінің ілгері озып, жана даму белесіне шыққаны да байқалмайды.

Мәдениет саласы кейінгі жылдары коррупциялық дау-жанжалдардан арғыла алар емес. Әсіресе, кино түсіруге бөлінген миллиардтардың талан-тараж болуы, бюджет қаражатын мүйізі қарағайдай, беделді режиссерлердің өзара ханталапайға салуы, жас дарындардың қолдаудан тыс қалуы, ел қаражатына сапасыз фильмдердің түсірілуі жұрттың зығырданын қайнатты.

Министрдің орынбасары Сәкен Мұсайбековті былтыр Антикорр пара алғаны үшін ұстады. 15 шілдеде Алматының Түркісіб аудандық соты оны алаяқтығы үшін ғана соттады: 62 миллион тенге айыппұл арқалаты.

Министрліктің жауап беретін басқа салалары — спорт та, туризм де былық пен жемқорлық батпағына батып барады. Туризм саласы пандемия заманында толық тоқырауға ұшырады. Туристік бизнеске де, қарапайым адамзаттарға да пайдалы және ел ішіндегі демалысты қолжетімді және ыңғайлы ететін Kids Go Free бағдарламасы сол бойы жүзеге аспады. Жана министрге мұраға қалған бұл тетік іске асса, елдегі отбасылық демалыс 30%-ға дейін арзандамақ.

ТОКИОДАҒЫ СӘТсіздік

2021 жылғы Токиода өткен XXXII жазғы Олимпиадада Қазақстан «тарихи жеңіске» ұшырап, тұңғыш рет көш соңындағы 83-орынға құлдырады. Бұл былтыр жан-күйерлердің жаппай наразылығын туғызды, қазақстандықтардың рухының түсіп, күйзелуіне «субелі үлес» қосты. Тура 21 күннен кейін, 4 ақпанда Қытайдың Бейжіңінде қысқы Олимпиада ашылды. Оны лайықты өткізу Дәурен Абаевтың еншісіне тиді.

Қалай болғанда да, бұл салалардың бәріне жылдар бойы шешілімді қордаланған мәселелер жетерлік. Бейберекетсіздіктер кезінде кейбір «ереуілінің», радикалды топтардың бүлігі мен былғығы, жаппай тонау көріністері бейнеленген видеолар жаһанға тарап, әлемге қазақстандықтарды әлсіздік, мәдениетсіз етіп көрсеткені күпия емес. Ендіше «Жаһандық әлемдегі заманауи қазақстандық мәдениеті» және басқа да бедел-имидждік жобаларды қайта қолға алып, өрістетуге түсу қажет болатынға ұқсайды.

Білімді біліктілік құжатымен растаңыз

(Басы 1-бетте)

Көктем ҚАРҚЫН

Елімізде экономика сұранысына сай мамандар дайындау ұлттық біліктілік жүйесін қалыптастыру қажет екенін аңғартады. Өйткені біліктілігі төмен маман түптің түбінде жұмыссыз қатарын толықтыруы мүмкін. Демек, ұлттық біліктілік жүйесі мамандардың бәсекеге қабілеттілігін анықтауға ықпал етуі тиіс. Жалпы, мамандардың айтуынша, ұлттық біліктілік жүйесі үш бөлімнен тұрады. Бірінші — жұмыс берушінің жұмысқа алатын адамның біліміне, дағдысына қоятын талабы. Сол талапты «кәсіптік стандарт» деп атайды. Екінші, кәсіптік стандартты әзірлегеннен кейін оған білім беру стандарттары мен бағдарламалары бейімделуі керек. Сонда білім беру ошақтары бизнесінің, экономиканың сұранысына сай мамандар дайындайды. Ұлттық біліктілік жүйесінің үшінші бөлігі — алған білімді тәуелсіз бағалау, яғни сертификаттау. Бұл туралы кезінде экс-министр Біржан Нұрымбетов: «Диплом — білімді растайтын құжат, бірақ дамыған мемлекеттерде маманның дипломына қарамайды. Олар біліктілікті растайтын тәуелсіз орталықтарға жібереді. Ол орталық біліктілігін растайтын сертификат береді. Сертификаттың құны дипломнан жоғары. Біз осындай жүйені қалыптастыруымыз керек» деп айтқан еді.


Әлемдік тәжірибеде алдамдардың біліктілігін дамытудың астарында бірінші кезекте жеке адамның қажеттіліктері тұрады. Екінші кезекте өндірістің, экономиканың қажеттіліктері. Біліктілігі бар адамдарға құрделі жұмыс. Оның тәртібін, шартын біз жұмыс белгілей де,

жүзеге асыра алмай да отырмыз. Оқу орындары маманды өзі оқытып, өздері емтихан алып, мамандығын да, біліктілігін де дипломмен қосып беріп отыр.

— Еліміздің Еңбек кодексіне байланысты азаматтар жұмысқа тұрар кезде дипломмен қоса біліктілік құжатын көрсетуі қажет. Бізде дипломның ішінде қандай мамандық пен біліктілік алғаны қоса жазылып беріледі. Төрт жыл оқыды деп біліктілік беруге болмайды. Өйткені біліктілік азаматтың мамандығы бойынша қолынан іс келетінін дәлелдейтін құжат. Қазір Еңбек министрлігі біліктілік туралы арнайы заң дайындап, қабылдайын деп жатыр. Сол жерде еліміздегі біліктілікті анықтап, құжат беру мәселесі көрсетілген. Өркениетті, экономикасы дамыған елдерде мамандыққа арналған бағдарламалармен оқып, академиялық арнайы білім алу тәртібі бір басқа, ал жұмысқа тұру үшін біліктілік тестін тапсырып, сертификат алу мүлдем басқа. Менің ойымша, біз барлық салаға біліктілік сертификатын алу жүйесін енгізсек, оқу орындарының білім сапасын қамтамасыз етуге жауапкершілігі артар еді, — дейді Білім және ғылым министрлігінің қоғамдық кеңесінің мүшесі Қадырбек Бөрікбеков.

МҰҒАЛІМНЕН БАСТАЛҒАН БЕТБҰРЫС

Елімізде біліктілік тестін 2018 жылдан бері педагогтар тапсырып келеді. Алғашында білім саласындағы бұл жаңалыққа біразы тосырақ қарады. Содан кейін көпшіліктің көңілі сабасына түсті. Мұғалімдер бұрынғыдай еңбек өтіліне қарай емес, білімі мен біліктілігіне қарай бағаланды. 4 санаттық бірін алған күні санатта да, жалақыда да айырма болады. Ен бастысы, бұл үрдіс «болдым, толдым» деуге мұрша бермейді. Өмір бойы оқу мен із-



Елаур ҚАБА (қолжазба)

денуге үлкен мотивация. Ал өткен жылдан бастап мектепке жұмысқа тұру үшін дипломаға қоса біліктілік сертификаты талап етіле бастады. — Жұмыс істейтін мұғалімдерге біліктілік сертификаты бұрыннан беріліп жүрсе, жоғары оқу орнын бітіре салып, біліктілік тестін тапсыру енді ғана заманмен бекітілді. Біліктілік сертификаты ең алдымен шынайы, сауатты кадрдың білім саласында жұмыс істеуіне мүмкіндік берсе, бейкәсіби адамның жолына тосқауыл қояды. 2019 жылдан бері тест тапсыру «бір компьютер, бір тестілеуші, екі камера» принципі бойынша іске асып жатыр. Сондықтан біліктілік сертификаты сақтылады деп ойламаймын. Мұғалімнің портфолиоына байланысты біраз даулы мәселе бар. Мұны да автоматтандыру керек. Қоғамда біліктілігі төмен, дипломын сатып алған адамдар бұл жүйеге қарсы шығып, әртүрлі шу шығарып та жатыр. Сол себепті біліктілік тесті-

леуіне арнайы мәртебе берілуі қажет, — дейді білім саласының сарапшысы Аятжан Ахметжанұлы. Мұғалім біліктілігінің сынына түсер жауапты сәтінен сүрінбей шыққандар өз, өте алмағандар баршылық. Мысалы, 2020 жылы 97 мың педагог тестілеуге қатысыпты. Ұлттық біліктілік тестілеу қорытындысы бойынша, шекті деңгейден 41 пайыз педагог өтсе, 59 пайыз педагог нашар нәтиже көрсетті. 30 жыл ұстаздық етіп, біліктілік анықтау тестінен құлап, категориясынан мүлде айырылып қалған мұғалімдер де бар. Сынаққа шпаргалка мен ұялы телефон алып кіріп, қасықтап жиган абыройынан бір күнде айырылғандар да жоқ емес. Не істерін білмей, жемқорлардың құрығына түсіп, санат көтеру үшін 100 мыңдап ақша төлепті дегенді де естігенбіз. Сондықтан да шығар, бассыздыққа бұғат салу үшін біліктілікті анықтау тесті электронды форматта өткізіле бастаған. Жалпы,

аталған жүйені барлық салаға енгізсек, қай салада білімсіз мамандардың көп екенін нақты анықтай алар едік.

СЕРТИФИКАТТЫҢ ДИПЛОМНАН НЕСІ АРТЫҚ?

Сертификат та, диплом да білім алу фактісін растайтын құжат. Бірақ Америка мен Еуропада олардың әрқайсысының заңды күші әртүрлі. Диплом маманның оқу орнында теориялық білім алғанын ғана дәлелдейді. Ал оны практикада қаншалықты жүзеге асыра алатынын, біліктілік деңгейінің дәрежесін сертификат көрсетеді. Мысалы, АҚШ-та «медициналық университетті үздік аяқтадым» деп дипломмен кез келген клиникаға барсаңыз, сізді ешбір жер жұмысқа алмайды. Олар ең бірінші сіден Америка Құрама Штаттарының медициналық лицензиялау емтиханының (USMLE) сертификатын сұрайды. Ал лицензия алу оңай емес. Ол үшін

3 кезеңнен тұратын сынақ тапсырасыз. Америкалық клиникалардың 65%-ы USMLE-ді тапсырмаған үміткерлерді жұмысқа қабылдамайды. Лицензия сала мамандарына 5 жылға беріледі. Бес жыл өткеннен кейін біліктілігіңізді қайта анықтауға тура келеді. Ал егер дәрігер қызмет барысында медициналық кәсіпкерге жол берсе, шығынды қателіктерге берген кәсіби қауымдастық өтейді. Кеңес Одағының құрамында болған елдерде дәрігерлердің біліктілігін анықтау бұрыннан қалыптасқан. Жас маман оқу орнын бітіргеннен кейін аурухананың сараптаушы тобының алдынан өтіп, біліктілігін дәлелдейді. Кейінгі кездері біз баржүйені сақтамастан, университетте теориялық емтиханды жақсы тапсырған маманға біліктілікті қоса беріп жатырмыз.

— Шетелдегі барлық саладағы мамандарды біліктілік тестінен өткізсек, кейбір салада мүлдем қалдырып калуымыз мүмкін. Сондықтан лицензиялауды ең қажет деген бірнеше сала бойынша жүргізіміз керек. Оның ішінде білім беру, медицина салалары бірінші орында. Өйткені дәрі-дәрмек пен емдеу жолдары тез өзгеріп отырады. Сондықтан адам өміріне жауап беретін дәрігерлердің білімі заманға сай болуы тиіс. Дипломның құны қалмаған кәсіптің нарыққа біліктілік сертификаты ауадай қажет. Дегенмен тәуелсіз бақылау жүргізілген кәсіби қауымдастықтың сертификаты бейберекет таратпауы үшін шетелдегідей қатан заң керек, — дейді «Болашақ» бағдарламасының түлегі Арнұр Қадылбеков.

Біліктілік тестін тапсырып, сертификат алу — әлемдік деңгейде дәлелденген тәжірибе. Бізге де уақыт өткізбей барлық сала бойынша мамандардың білімін тәуелсіз бағалау қажет. Өйткені маман даярлау ісі кері кетсе, ертең экономика да құлдырайды.

Инвесторларды ҮРКІТІП АЛМАСАҚ...

Қаңтар оқиғасының салдарынан Лондонның қор биржасындағы қазақстандық компаниялардың акциялары құлдырады. Фимараттар өртке оранып, дүние-мүлік тоналып, қала көшелерінде қантөгіс болып жатқанда «Қазатом өнеркәсіп», Халық банк, Kaspi.kz, акциялары «жаппай сатылымға» шықты. Бір күнде Kaspi.kz акциялары 30 пайызға құнсызданды. Тыныштығы тайған елден ат тонын ала қашатын инвесторлардың ендігі әрекеті қандай болады? 2022 жылы елімізге 24 млрд доллар инвестиция тарту жоспарланған. Үкімет инвесторлардың сенімін қайтара ала ма?



Елнар ҚАБА (қолжазба)

Наима НҮРӘЛІ

МИЛЛИАРДТАР ЖЕЛГЕ ҰШТЫ

Лондонның қор биржасында саудаланатын жалғыз ұлттық компания «Қазатом өнеркәсіп» акцияларының бағасы 12,2 пайызға төмендеді. 4 қаңтарда 40,6 долларға саудаланса, 12 қаңтарда 35,65 долларға бағаланған. Бүліктің салқыны тиген компаниялардың көш басында Kaspi.kz тұр. Акцияларының құны 5 қаңтарда 30 пайызға арзандады. Оған дейін 31 желтоқсанда Kaspi.kz компаниясының акциялары 116 доллар болса, 4 қаңтарда 118 долларға бағаланған. 12 қаңтарда 98,8 долларға түсті. Яғни, ірі қазақстандық компания бүлік салдарынан 16,3 пайызға құнсызданды.

Ал Халық банк акциялары 4 қаңтарда 16,86 доллардан сатылған. 5 қаңтарда, яғни бір сауда күнінде 20 пайызға арзандап кетті. 12 қаңтарда бір акциясы 15 доллардан саудаланып жатыр. Сонда акцияларының құны 11 пайызға арзандапты. Сәйкесінше, дүрбелен салдарынан қазақстандық төрт миллиардер 3 млрд долларынан айырылды. Оның ішінде Вячеслав Ким бірден 1,4 млрд долларын жоғалтқан. Михаил Ломтадзе әп-сәтте 1,4 миллиардынан қағылды.

АҚША ТЫНЫШТЫҚТЫ СҮЙЕДІ

Қазақстандық компаниялар акциялары құнының өзгеруі еліміздің инвестициялық тартымдылығына әсер етеді. 30 жылда елімізге әлемнің 120-дан аса мемлекеті 330 млрд доллардай тікелей инвестиция күйған. Орталық Азияға тартылған тікелей шетелдік инвестициялардың 70 пайызы елімізге тиесілі. Неге? Себебі ақша үшін ойын ережелерінің тұрақтылығы мен заңдардың орындалуы маңызды. «Ақша тыныштықты сүйеді» деген төмсіл бар. Шет мемлекеттердің, халықаралық ұйымдардың біздің елге қаржы құюға құлшынып тұруына да себеп — елдің тұрақтылығында. Қаңтар оқиғасынан кейін Қазақстан сол ерекшелігінен айырылды.

Осыдан соңғы бірнеше жылда пандемияға байланысты әлемдік экономикада тікелей шетелдік инвестициялар көлемі қысқарды. Қазақ-

станда 2020 жылы шетелдік инвестиция көрсеткіші 30 пайызға төмендеп, 17 млрд долларды құраған. Ал 2021 жылдың бірінші жартыжылдығында 11,1 млрд доллар тартылған. Өткен жылдың қорытындысы бойынша 20 млрд, ал 2022 жылы 24 млрд долларға қол жеткізу жоспарланған еді. Енді инвесторлар елімізге сене ме?

Берекесі қашқан елге инвесторлардың қаржы құюы былай тұрсын, манайламысы анық. Мысалы, Қырғыз Республикасында шетелдік инвесторлар ақшасын шығарып, елден кетіп жатыр. Соңғы 10 жылда олар Қырғыз Республикасында шетелдік инвесторлар ақшасын шығарып, елден кетіп жатыр. Соңғы 10 жылда олар Қырғыз Республикасында шетелдік инвесторлар ақшасын шығарып, елден кетіп жатыр. Соңғы 10 жылда олар Қырғыз Республикасында шетелдік инвесторлар ақшасын шығарып, елден кетіп жатыр. Соңғы 10 жылда олар Қырғыз Республикасында шетелдік инвесторлар ақшасын шығарып, елден кетіп жатыр.

Ресейде шетелдік инвесторлардың белсенділігі төмендеп кеткен. Тіпті, өткен жылы 2014 жылғы көрсеткішпен теңескен. Оған да індеттен бөлек геосаясат әсер етіп отыр. 2020 жылы шетелдік инвесторлар Ресейде 141 жобаға инвестиция салған. Бұл — соңғы алты жылдағы ең төменгі көрсеткіш.

Украинаның бұрынғы экономика, сауда және ауыл шаруашылығы министрі, Украина президенті кеңесшісі Тимофей Мылованов елдегі белгісіздік пен жағдайдың шиеленісуіне байланысты инвесторлар Украинадан ақшаны біртіндеп шығара бастағанын мәлімдеген еді. Мыловановтың «Ел үшін біз көріп отырған басты қауіп — белгісіздік, Ресеймен қарым-қатынастың күрделенуі. Соғыс болуы мүмкін деген мәселе жиі көтеріледі. Дүрбелен басталса, бірінші кезекте, шетелдік инвесторлар ақшаларын елден шығара бастайды. Бұл қазірдің өзінде болып жатыр» дегені бар.

СЕНІМІНЕ ИЕ БОЛА МА?

Біздің жағдайда да еліміздегі наразылықтар белгілі бір жағдайда елдің инвестициялық тартымдылығына нұқсан келтірді дегенмен Үкімет дер кезінде жағдайды реттей алды. Бұл ойымызды TFCMILL халықаралық брокерлік тобының сарапшысы Арман Бейсебаев та қуаттап отыр. Сарапшы Президенттің Жолдауда көтерген мәселелері шешімін тапса, халықтың үміті ақталса, инвесторлардың сеніміне қайта кіруге мүмкіндік бар екенін айтты.

«Мәселен, Ауғанстан — сирек металлға бай мемлекет. Сондықтан Қытай инвесторларының қызығушылығына ие. Ауғанстан «тәліптердің» қолына өтсе де, соғыс болып жатса да, қытайлық инвесторлардың қызығушылығын төмендеткен жоқ. Олар келісімге келіп жатыр. Қазақстан Қытай мен Еуропа арасын байла- ныстырушы көпір болғандықтан, Қытай бізге инвестиция құюға мүдделі. Тұрақтылық аса маңызды емес», — дейді А. Бейсебаев.

Иә, инвесторлар тәуекелді түсінеді. Қазақстан инвесторларды мұнай, шикізат, құрылыс, сауда, инфрақұрылым арқылы тарта алады. Ауғанстанның өзі еліміздің бидайына тәуелді. Ұнымыздың негізгі тұтынушысы саналады. Ауғанстанмен Қазақстанды салыстыруға келмейді. Бірақ егер Ауғанстан дәл қазіргі жағдайда инвестиция тартып жатса, Қазақстанның мүмкіндігі әлдеқайда жоғары екенін білдіреді.

Қорыта келгенде, инвесторларға керегі кепілдіктің болуы екенін ескерсек, Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Мәжіліс отырысында инвесторлар алдындағы мемлекеттің барлық міндет- темелері мен кепілдері толық көлемде орындалатынына уәде берді. Әрине, біздің шикізаттық базаның молдығы, географиялық тұрғыдан тиімді орналасуы тікелей шетелдік инвестицияға жол ашады. Дегенмен саяси жүйенің тұрақтылығы да ауадай қажет. Инвестициялық климат қалыпқа түсуі үшін уәдelerдің орындалуы, Үкіметке деген үміттің ақталуы маңызды.

Азық-түлік бағасы ауыздықтауға келмейді

Елдің наразылығына азық-түлік бағасының да себепкер болғаны анық. Кейде жұрт құнның айлап өскен, апталап өсіп жатқанына шағымданды. Мұны жоққа шығара алмаймыз. Үкімет бағаны ұстап тұру үшін қолдан келгеннің бәрін жасаған сыңай көрсетті, әлі де ұстап тұруға демелі екен. Дегенмен нарық бұл амалдарға кене қоя ма? Жалпы қымбатшылықтың түпкі себебі не?

Мадияр ТӨЛЕУ

ШАРЫҚТАҒАН БАҒА ЕЛДІ ШАРШАТТЫ

Жуырда ел билігі азық-түлік бағасын қолдан келгенше тұрақты ұстап тұруға тырысатындарын жеткізді. Дегенмен бағаны тұрақты ұстап тұрған күннің өзінде мемлекет біраз шығынға ұшырайтын тәрізді. Себебі нарық заңдылығы бір бүйірден қыспай қоймайды. Ишер астың қалтаға салмақ бола бастағаны пандемия кезінде анық сезілді. 2020 жылдың желтоқсанында Қазақстанның Сауда және интеграция министрі Бақыт Сұлтанов Үкімет отырысында бір жылда әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының бағасы 9,6 пайыз өскенін айтқан болатын. Дегенмен министр бұл құбылысты «әлем елдеріне ортақ, уақытша» деп бағалаған. Бірақ олай болмады. Қымбатшылық жалғаса берді. Былтыр алғашқы 9 айда Статистика комитеті елде азық-түлік тағы 7,4 пайызға өскенін жария еткен.

Экономист Максат Серәлі елде кедейшілік белең алғанын, кей жұрт табысының 60-70 пайызын азық-түлікке жұмсайтынын, осының бәрі наразылық тудырағанын айтты. Сондықтан маман «жалпы ішкі өнімдегі отандық өнімдердің үлесін кем дегенде 50 пайыздан асырмай, экономикалық қауіпсіздік болмайды» деп отыр. Әйтпесе, мемлекеттің қолданатын шаралары уақытша құбылыс қана боламық. Әлемдік экономикада халық табысының 50 пайыздан астамы азық-түлікке жұмсайтын болса, кедейліктің көрінісі ретінде саналады. 2021 жылы елімізде әр отбасы азық-түлікке шамамен 319,4 мың теңге жұмсайтыны мәлім болды. Ал біздің көкейде бір сауал: елде осыныша табыс таба алатын отбасылардың үлесі қанша?

ҚҰНДЫ ҰСТАП ТҰРА АЛМАЙМЫЗ

Ал мемлекет бағаны ұстап тұрудың қандай механизмдерін қолданады? Сауда және интеграция министрлігі бағаны ұстап тұру үшін көбіне «нарық механизмдерін» пайдаланады. Мысалы, министрлік өңірлерде бағаны тұрақтандыру қорларын құрып жүр. Азық-түліктің бағасы арзан болатын маусымда сол қорлар тауарға толады. Баға күрт өсетін аралық маусымда олар тауарды саудаға шығарады. Осылай бәсеке қалыптастырып, бағаның қымбаттауына сәл де болса жол бермеуге тырысады. Екінші механизм — жемілетілген қарыз беру. Сауда желілері мен әлеуметтік маңызы бар тауар өндірушілер бағаны ұстап тұруға келесілі. Осы үшін оларға 0,01 пайызбен несие беріледі. Дегенмен мұның бәрі бюджетке артыла беретін жүк.

Бұдан бөлек, әкімдіктер ауыл шаруашылық жәрмеңкелерін өткізіп тұратынын білеміз. Сауда желілері тауарды ауыл шаруашылық өнімдерін өсірумен айналысатын шаруадан тікелей сатып алуы үшін тағы да миллиардап қаржы бөлінеді. Бұлардан өзге де амалдар бар.

Баға негізінен объективті себептерге байланысты өсіп жатқаны шын. Ұлттық валюта

бағамы төмендеді. Тауар өндірушілерге өнімін ел ішінде сатуға қарағанда, шетелге шығарған тиімді. Негізгі қаржы саласының мамандары бағаны мемлекет тарапынан ұстап тұру тиімсіз жол екенін біраздан бері айтып келеді. Себебі сол — оның барлығына бюджет ақшасы шығын. Құлды, кезінде Кеңес Одағын дағдарысқа ұшыратқан жол тәрізді. Экономист Асылбек Күздеубаев азық-түлікке қатысты қымбатшылық қанша тырысқанмен де, дамушы елдерге ортақ құбылыс ретінде қала беретінін айтты.

— Кез келген дамушы мемлекеттің экономикасында болатын құбылыс, үзіксіз процесс. Әрине, дамыған елдерде де болуы мүмкін. Әсері қатты сезілмейді. Алайда бір қауіп бар, онысыз да қымбат дүниенің бағасын қолдан еселеп қымбаттатуы мүмкін. Әйтпесе, халықтың күнкөріс деңгейі одан әрі төмендейді, себебі елдің табысы төмен. Табысы төмен болған сайын экономикадағы айналым қаржы азаяды, ол түрлі саланың дағдарысына әкеледі, — дейді ол.

Бұл тұста мамандар бағаның тұрақтануынан гөрі халық табысын өсіруге көп көңіл бөлу қажетін айтады. Демек, нарық заңына салсақ, біздегі қымбатшылық тоқтамайды.

АЗЫҚ-ТҮЛІК ӨНДІРУШІЛЕРДІҢ ЖАҒДАЙЫ ҚИЫН

Былтыр тамызда елдегі азық-түлік өндірушілер шикізат сатып алу үшін мемлекеттен көмек сұрап, дабыл қаққан болатын. Сол кезден-ақ олардың жағдайы аса жетісіп тұрмағаны байқалған. Мәселен, Қазақстандағы 12 құс фабрикасын біріктіретін жұмыртқа өндірушілер қауымдастығы әлемде құс жемі қымбаттап, тауардың үстіне қосылатын баға бақылаудан шығып кеткенін мәлімдеді. Құс еті мен жұмыртқасына қойылған өзіндік бағаның 60-70 пайызын жем дайындауға жағат өнімге кететін шығын құрайды екен. Бұл өнімдер Қазақстанда өндірілгенмен, бағасы бірнеше есе өскен. Әсіресе, құс шаруашылығында қолданылатын соя мен жүгері бағасы өскен. Қазақстан да аталған тауарларды өндіріп, экспортқа шығарумен айналысады. Тігінсіне, әлемдік бағаның өсуі ішкі нарыққа да әсер етіпті. Демек, бір қымбатшылық келесі бір қымбатшылықтың туына септеседі.

Мәселен 2020 жылы Түркістан облысының Оранғай елді мекеніндегі «Яссы-құс» фермасы өндіргі құс еті мен жұмыртқаның қымбаттамауын қамтамасыз еткен. Тәулігіне 16 мың дана жұмыртқа шығаратын орын алғашында бағаны барынша көтермеуге тырысыпты. Ферманың жауапты маманы Ғафуржан Далишевтің айтуынша, 2020 жылдың жартысына дейін жұмыртқаның данасын 27-28 теңгеден өткізген. Иә, баға тиімді. Бірақ баға облыстағы тұрақтандыру қорындағы 8 мың тоннадан астам азық арқылы тұрақтанып тұрған. Ал жаздан кейін бағаны көтеруге мәжбүр болыпты. Себебі құс азығын алуға кететін, қызметкерлердің жалақысына, коммуналдық шығын өтейтін қаржы керек. Ақыры құн өскен сол елдің наразы бола бастайтыны онысыз да белгілі.

Жалпы, азық-түлік пен басқа да тауарлардың қымбаттауы бізде ғана емес, әлем елдерінде болып жатқаны жиі айтылады. Дегенмен өзге елдердің мүлкіне мұқтаж мемлекеттің жағдайы ауыр. Бірақ былтыр өзімізде өндірілетін азықтың 2-3 есе қымбаттағаны есімізде. Бас қатырар дүние көп, ал сарапшылар алдағы уақытта бағаның реттеле қоярына әлі де сенімсіз.

Бүліктің былығын сақтандыру компаниясы төлей ме?



Ербөкжан ДҮЙСЕВҚОЛТАУ (қолжазба)

Өткен аптадағы оқиғалар желісінде еліміздегі сақтандыру нарығын бағалаудың орайы келіп тұр. Алматыдағы және тағы да басқа қалалардағы төртпісідіктер кезінде көптеген дүкен, мейрамхана, фимарат пен тұтастай кешен, сондай-ақ автокөлік талқандалып, тоналып, тіпті өртеніп кетті. Ендеше осынау жаппай төртпісідіктерден кейін сақтандыру ақшасына үміт артуға бола ма?

Нұрлан ҚОСАЙ

Еліміздің сақтандыру секторында 27 компания бар. Соның ішінде 9-ы адам өмірін сақтандыратын болса (АӨСК), қалған 18-і жалпы сақтандырумен айналысады. Биыл 1 қазанда Ұлттық банк таратқан

мәлімет бойынша, бұл ұйымдардың жалпы активі 1,72 трлн теңге құраған екен. Бұл жыл басынан бері осынау соманың 15,6%-ға артқанын көрсетеді. СК-лар негізінен ақшасын бағалы қағаздарға салып өсіретінін ескерсек, бұл өсімде сол инвестицияның үлесі басым.

«Активтердің 72,2%-ы, яғни 1,24 трлн теңгесін бағалы қағаздар құрайды, екінші деңгейлі банктердегі ақша құралдары мен салымдар — 197 млрд теңге немесе 11,5%. Дебиторлық сақтандыру қарыздары 59 млрд теңге немесе 3,4%. Жалпы, активтердің ішінде компаниялардың өздерінің жеке капиталы — 721 млрд теңге. Жалпы, еліміздің сақтандыру нарығында қатысушылар санаулы болса да, соңғы 3 жылдық межеде қаржылай активтерінде өсім бар екенін аңғарылады. Бірақ елімізде таяуда өткен оқиғалар бұл көрсеткіштерге теріс әсер етуі мүмкін екенін жоққа шығаруға болмайды.

ӨМІРІН САҚТАНДЫРҒАНДАРҒА ӨТЕМАҚЫ ТӨЛЕУГЕ ДАЙЫН

Елімізде сақтандыру компаниялары өмірі сақтандырылған қызметкерлер мен жұмысшыларға өтемақы төлеуге дайын. Олар елімізде сақтандыру жағдайы туындап отырғаны туралы сақтанушыларға хабарлап жатыр. Мамандардың айтуынша, «Жұмыскерді еңбек (қызметтік) міндеттерін орындау кезіндегі жазатайым жағдайлардан міндетті сақтандыру туралы» заңға сәйкес, әрбір жұмыс беруші өз қызметкерін сақтандыру туралы келісім-шарт жасасуы міндетті. Оның аясында жазатайым жағдай бола қалған кезде адам өмірін сақтандыру компаниясы екі жағдайда өтемақы төлейді. Біріншісі — кәсіби еңбекке қабілеттілігін жоғалтқан кезде және екіншісі — аза тапқан кезде. Мүгедек боп қалған адамға өтемақымен қоса, заң аясында дәрілік шығындары да өтеледі екен. Ал аза тапқан адамды жерлеуге 100 АЕК көлемінде ақша беріледі.

«Бұл трагедия әрбір қазақстандықтың өмірінде із қалдырып кетті. Біз аласапыранда елді аман алып қалу үшін өмірнің катерге тіккен жерлестерімізді қайғыра еске алатын боламыз. Террористер мен бұзақылардың қолынан аза тапқан қызметкерлер қысқа мерзімнің ішінде тиісті өтемақыларын алатын болады. Ол үшін заңды негіз туындап отыр, ендігі жерде құжаттарыңызбен тиісті ұйымдарға хабарласуларыңызды сұраймыз», — дейді Freedom Finance Life АӨСК Басқарма төрағасы Азамат Ердесов.

ӨТЕМАҚЫ АЛУ ҚИЫН ЖОЛ

Елімізде автосақтандыру әуелден-ақ міндетті екені белгілі. Өйткені автокөлік

қозғалыс құралы ғана емес, сонымен қатар қауіптің де көзі. Ал одан өзге жылжымайтын мүліктер мен дүниелерді, тіпті адам өмірін сақтандыру ерікті түрде жүзеге асырылады. Мамандардың айтуынша, әдетте жүргізілетін автокөлікті міндетті сақтандыру (ОСАГО) тек қана жол-көлік оқиғаларына арналған. Ол жаппай төртпісідіктер кезіне жүрмейді екен.

«Айдап қашу, өрт деген секілді әрекеттерге КАСКО сақтандыру жүйесі қарастырылған. Онда да келісімшартта форс-мажор жағдайлар көрсетілуге тиіс. Оған міндетті түрде табиғи апаттар кіргенімен, арнайы көрсетілмесе жаппай төртпісідіктер оған жатпауы мүмкін. Өйткені қосымша қорлықты айдап қашқан жоқ, сосын ол өздігінен өртеніп кеткен жоқ қой. Тұрған машинаға сырттан біреулер зақым келтірді. Сондықтан сақтандыру компаниясы өтемақы төлеуден бас тартып, тіпті соттасуға дайындала бастайды деп ойлаймын. Өйткені барлығына өтемақы төлейтін болса, сақтандыру компаниялары банкротқа ұшырауы мүмкін. Автомобиль иелерінен бөлек оларға енді талқандалған нысандардың да иелері хабарласа бастайтын болады», — дейді автосарапшы Алексей Алексеев.

Мамандың айтуынша, Қазақстанда КАСКО сақтандыру жүйесін өздігінен сатып алатын жүргізушілердің саны өте аз. Өйткені онда шын төленетін оқиғалардың тізімі өте қысқа. Сондықтан да оны көп ретте автосалоннан жаңа көлік сатып алған кезде дилерлік орталықтар береді. Елімізде жаңа көліктердің 75%-ы несиеге рәсімделетінін ескерсек, олардың сақтандыруға не үшін жүгінетінін түсінуге болады. Ақшасы толық төленбеген көлікті

сақтандыруды несие беруші банктер талап етсе керек. Олар бір жағы өздерінің сақтандыру қызметін тықпалайтыны белгілі. Сол арқылы қосымша табыс тауып отыр. Ал жеме-жемге келгенде көлік иесінің алдынан форс-мажор мәселесі шығады. Мұндай практиканы жылжымайтын мүлікке қатысты байқауға болады екен.


«Сақтандыру компаниялары көп ретте азаматтардың сауатсыздығын пайдаланып, келісім құжатына қосымша шарттарды қосып қояды. Кейін бұл шарттар өтемақы төлеуден бас тартуға немесе соманы азайтуға негіз болуы мүмкін. Олар сақтандыруға жатпайтын жағдай, сақтандырудан тыс жағдай, келісімшарттарының бұзылуы, франшиза, қағазбастылық және тағы басқалар. Осындай жағдайлар осы уақытқа дейін жиі болып тұратын. Енді олар осылардың ішінде сақтандырудан тыс жағдай нұқсасын көп пайдалануы мүмкін. Өйткені көптеген типтік шарттарда арнайы көрсетілген бірқатар жағдайда өтемақы төленбейді деп жазылады. Олардың ішінде әскери қимылдар, террорлық акттер, азаматтық соғыстар, халық толқулары, көтеріліс, бас көтеру, бүлік, жаппай төртпісідіктер мен шерулер бар», — дейді заңгер Динара Жұбатова.

Мамандар мұндай жағдайдың соны соттаса деректердің көбеюіне апарып соқтыруы мүмкін екенін айтты. Ол үшін азаматтар мемлекеттің көмегіне жүгінуге қажет. Ал мемлекет өз тарапынан нақты кадамдарға барып, сақтандыру компанияларының жанынан арнайы комиссиялар құрып, сақтандыру оңдасушыларын сарапшыларды тартуы керек. Елімізде «қантар оқиғасынан» тек бизнеске келген шығынның сомасы 100 миллиард теңгеден асып кеткенін ескерсек, бұл шығынға кәсіпкерлер кез келген мүмкіндіктен өтем іздейтін анық. «Атамекен» ұлттық палатасының аяқтатып шығарып отырған бұл қисаптың ішіне жеке азаматтар мен мемлекеттік мекемелердің шығыны кіре ме? Ол енді басы ашық сұрақ...

Гүлнар НАСИМОВА, конфликтолог:

Бізде билік пен қоғам арасындағы диалогтің тиімділігі төмен

«Алматы трагедиясы» – тәуелсіз Қазақстан тарихындағы ең қасіретті оқиғаның бірі. Алматымен бірге республиканың әр қиырындағы ірі қалаларды шарпыған бүлікке құқықтық тұрғыдан баға беріле жатар. Бұл оқиға ғылыми қауымдастықтың да назарын аударғаны даусыз. Еліміздегі түрлі қақтығыстардың себеп-салдарын жан-жақты зерттеп жүрген ғалым, белгілі конфликтолог, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Саясаттану және саяси технологиялар кафедрасының меңгерушісі, саяси ғылымдар докторы Гүлнар Насимовамен болған сұхбатымызда «Алматы трагедиясының» астарына үңіліп көруге тырыстық.



— Гүлнар Өрленбайқызы, бұл терактінің сипатына қарап, оны ұзақ уақыт бойы дайындалды деген пікірмен келісіз бе?

— Шынын айту керек, бұл оқиғаға қатысты қойылып жатқан түрлі сұрақтарға нақты жауап беру қиын. Оқиғаның хронологиясына қарасаңыз, митинг Жаңа-өзенде сұйытылған газ бағасының күрт қымбаттауына наразылық танытудан басталды. Бұл наразылық бірқатар өңірлерде қолдау тапты. Туындаған мәселені шешу үшін үкіметтік комиссия құрылды. Комиссия мүшелері наразы топпен келісімге барып, бағаны төмендету туралы шешім шығарды. Осыдан соң шерушілер жаңа талаптарды қоя бастады. Наразылық ауқымы кеңейе түсті.

Сол сәттен бастап Қызылордадағы ініммен байланыста болды. Мені Алматы мен Қызылордада аз уақыттың ішінде бір-біріне ұқсас жағдайдың болғаны таңғалдырды. Екі қалада да наразы топ өкілдіктерді қарумен басып алу, басқа да өкілшілік ғимараттарды, қызметтік көліктерді өртеу сияқты әрекеттер жасады. Күштік құрылымдар орналасқан стратегиялық нысандарды басып алуға тырысты. Ауруханаларға да шабуылдан ұйымдастырылды. Осы факторлардан соң бүлік жоспарланған сияқты болып көрінді.

Сауалыңызға жауап беру үшін осы кайғылы оқиғаның артында тұрғандардың әрекетін ұғыну өте маңызды. Мен арнайы қызметтің жұмысын бағалай алмаймын. Бірақ бірнеше қалада Ұлттық қауіпсіздік комитетінің жергілікті департамент басшыларының қызметтік ғимараттарды қорғап қалудың орнына қарсылықсыз беріліп, қару-жарақты, құпия құжаттарды

қалдырып кетуі ойландырады. Әрі оның бұрынғы төрағасының ұсталуы бұл гипотезаны растай түседі. Әдейілеп жасалса да, қызметтік қателік болса да, болған жайтқа Ұлттық қауіпсіздік комитеті жауапты. Ендігі кезекте бізге тергеу нәтижесін шыдамдылықпен күту қалды.

— Өзіңіз білесіз, кез келген жанжалдың триггері болады. Бұл жанжалдың триггері жоғарыда айтылған сұйытылған газ бағасының өсуі деп айтуға бола ма?

— Конфликттер мен қақтығыстар — кез келген қоғам үшін қалыптас жағдай. Ал қақтығыстарды деструктивті күштердің пайдаланып, олардың реттелуі ел үшін осындай қайғылы жағдайға әкеліп соғуы — мүлдем басқаша мәселе.

Наразылық ешқашан күтпеген жерден пайда болмайды. Әрқашан оның бастапқы индикаторлары мен көрсеткіштері болады. Біздің соңғы зерттеулеріміз көпшіліктің наразылығын тудыратын бағаның өсуі, инфляция, жұмыссыздық сияқты әлеуметтік-экономикалық сипаттағы өткір мәселелер болғанын дәлелдеді. Бұл мәселелерді наразы топ өкілдері алғашқы күннен көтерді. Ал сұйытылған газ бағасының қымбаттауы тек конфликтке түрткі болды. Мәселен, алматылықтарды дәл осы мәселе алаңдатты ма?

Мұның барлығы конфликттердің терең себептерін елеуден туындап отыр. Бұл күндері көшеге кедейлік шегінен төмен өмір сүретіндер мен саяси белсенділіктің экстремистік түрлеріне бейім азаматтар қатысты.

Менің ойымша, мұндай оқиға бүгін болмаса ертең болатын еді. Алайда наразылық осындай зорлық-зомбылық форма-

ларына трансформацияланып, соны трагедияға айналады деп ешкім күтпеген сияқты.

— Бүліктің еліміздің бірнеше қаласында бір уақытта өтуіне, оған бұрын-соңды болмаған көп адамның қатысуына қандай факторлар ықпал етті деп ойлайсыз?

— Қазақстандағы наразылық білдірушілердің өңірлік деңгейде өзіндік ерекшеліктері бар. Олардың бой көрсетуіне әртүрлі қоздырғыш факторлар ықпал етеді. Біз экономикалық талаптармен басталған митингтердің тез арада саяси талаптары бар митингке айналып кететінін көрдік. Бұл жерде халық санасында наразылыққа деген көзқарасының өзгеруі сияқты факторды ескеруіміз керек.

«Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасы қабылданды. Адамдар қашанда өздерін толғандырған мәселелерді айтқысы келеді. Бірақ аймақтарда олардың жанапқайына ешкім құлақ түрмейді. Әлеуметтік желі арқылы да өкілдердің көпшілігінің халықпен қалай байланыс орнататынын көруге болады. Оларда кері байланыс жоқ. Егер жергілікті билік өкілдеріне сенім жоғары болса, олар сол беделмен-ақ наразы топқа басу айта алар еді.

Ал бізде өкілдердің кейбірінің наразы топ алдына шығуы жағдайды тіптен ушықтыра түсті. Бұл мәселеге Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев та Парламент Мәжілісінің отырысында сөйлеген сөзінде айрықша назар аударды.

Демек, бізде билік пен қоғам арасындағы диалогтің тиімділігі төмен деңгейде. Сонымен қатар осы жағдайда дау-жанжалдың алдын алуда саяси топтардың, басқа да үкіметтік емес ұйымдардың рөлін көре алмадық.

— Бүлікке шеттен келген содырлардың да қатысқаны жайында көп айтылып жатыр. Расында, қандықол қарақшылар жантүршігерлік қылмыс жасады. Құқық қорғау органдары қызметкерлерінің басын кесіп алу фактісі де тіркелді. Бұл қылмыстар қарапайым алматылықтардың қолымен жасалды ма? Әлде бұл содырлардың ісі ме? Көп жағдайда кейінгісіне сілтеп, біз өз азаматтарымызды ақтауға күш салып жатқан жоқпыз ба?

— Тәжірибе мен зерттеулер көрсеткендей, қазақстандықтардың басым бөлігі өз мәселелерін шешу кезінде зорлық-зомбылыққа бармайды және заңсыз әдістерді де қолдануға бейім емес. Қақтығыс ең жоғары деңгейде болғанда эскалация сатысына өткен нақты субъектілерді көрсету әрқашан қиын. Бірақ алматылықтар зорлық-зомбылық көрсетілгенін көрді. Ал ол істің барлығын қылмыс жасау тәжірибесі жоқ адамдар жасай алмайды. Ал сіз айтқан ауыр қылмысты жасағандар үшін мұндай қаныпезерлік әдеттегі әрекеттің бірі болуы мүмкін. Мұнда соңғы жауапты тергеу органдары беруі керек деп ойлаймын. Қоғам кім болса да, кінәлілердің лайықты жазалануын күтіп отыр.

— Дәл қазір кризис менеджмент ауадай қажет. Үкіметтің жаңа құрамы да жасқалды. Жаңа саяси-экономикалық реформалар да қабылданып жатыр. Аталған шаралар елдегі күрделі жағдайды шешуге қаншалықты ықпал ете алады?

— Мемлекет басшысы ұсынған барлық реформалар елдің дамуына бағытталған. Бірақ мәселе реформалардың мақсаттары мен оны жүзеге асыру әдістері арасындағы қарама-қайшылықта. Зерттеулеріміз

қазақстандықтар елдегі басты проблемалардың қатарына нашар мемлекеттік басқаруды, сыбайлас жемқорлықты жатқызыптың көрсетті.

Мемлекет басшысы Парламент Мәжілісінің отырысында осы бір қиын сәттен шығу туралы өзінің көзқарасын жариялады. Сол жолы ұсынылған реформаларды сәтті жүзеге асыруда Үкіметтің үйлесімді жұмысы қажет. Мұндағы ең басты мәселе жүргізіліп жатқан реформалардың ел азаматтарының көңілінен шығуы болып отыр.

Сонымен бірге конфликт жағдайларын тудыратын факторлар, әсіресе деструктивті салдарға әкелетін жағдайларды ерте анықтау, туындаған конфликттердің даму динамикасы, конфликттердің сипаты, оларды ауыздықтау, реттеу мәселелері де назардан тыс қалмағаны жөн. Біз конфликттологиядан арлыуымыз қажет. Осындай сәтте арағайындық жасай алатын білікті мамандар да керек. Қазір әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Саясаттану кафедрасы Қазақстандағы алғашқы кәсіби конфликтологтарды дайындау ісіне белсене кірісіп кетті.

— Жанжал кезінде халықтың Үкіметке, Үкіметтің қоғамға сенімі жоғалатынын жасыра алмаймыз. Сол секілді қарапайым азаматтар құқық қорғау органдарына да сенімсіздік танытып жатыр. Осы жағдайда не істеуге болады?

— Шынында, соңғы жылдары халықтың билік органдарына сенім деңгейі төмендеп кетті. Ал құқық қорғау органдарына сенім осы институттың өз азаматтарын қорғау қабілетінен туындайды. Бірақ мен жалпылама айтқым келмейді. Соңғы жағдайлар кезінде олар бізге өз азаматтарын қалай қорғай алатынын көрсетті. Алматылықтар полиция бөлімінің ғимаратын басып алмақ болған бүлікшілердің шабуылына полицейлердің қалай тойтарыс бергенін өз көзімен көрді.

Мемлекет басшысы да ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің бүкіл жүйесін түбегейлі қайта құруды басты стратегиялық міндет ретінде қойып отыр.

Осы орайда мен күштік құрылымдар тек конфликт салдарын жоютынын, ал олардың нақты себептері қалып кететінін айтқым келеді. Сондықтан азаматтардың наразылығын білдіретін неғұрлым заңды құрылымдар мен диалог алаңдары қажет.

— Әңгімеңізге рақмет.

Сұхбаттасқан
Шынболат КҮЗЕКБАЙ

Әліби төңірегіндегі әңгіме

Көнігі революционер, Қазақ өлкесінің тұңғыш Төтенше комиссары Әліби Жангелдинге қатысты түрлі аңыз-әңгімелер жиі айтылады. Ол — жер шарын аралап шыққан тұңғыш қазақ саяхатшы. Өрі 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісті ұйымдастырушылардың бірі ретінде де тарихта қалған. Сонымен Әліби Жангелдин кім? Ол еліне сатқындық жасады ма? Неге шоқынды? Степанов атын иемденуінің сыры неде?

Айым БЕКТҰР

Жуырда Мәжіліс депутаты Қазыбек Иса Парламент мінберінде Жангелдин атауын өзгерту туралы мәселе көтерген еді. Депутаттың айтуынша, Алашқа, яғни қазаққа күн көрсетпеген бұл тұлға есімі аудан атауында әлі күнге дейін тұруы ақылға сыймайды. Мәжілістен бұның елге қиянат екенін айтып, наразылығын білдірген-ді. Ол аудан атын Алаш көсемі Ахмет Байтұрсынұлының атына беруді ұсынған.

«Алаш көсемдері Ахмет пен Міржақыптың туған ауданының аты әлі күнге дейін қызыл болшывик, кезінде ұлты мен дінін сатып кеткен Николай Степанов болған Әліби Жангелдиннің атында болуы елге де, ерге де және де ең алдымен әруаққа қиянат» деген еді халық қалаулысы.

Бұдан кейін депутаттың бұл ойына қарсы әлеуметтік желілерде пікір жазғандар да көп болды. Олардың бірсыпырасы «Ахметті ұлықтау ісіне Жангелдинді жамандауы қосу парасатылыққа жатпайды» деген пікір айтады. Олар Торғайдан босып, Алматыға ауып барған қазақтардың қайтыс болған адамдарын жерлеу үшін қала маңынан қорым жасауға арнайы жер алып бергенін, Қарақұмдағы көтерілісшілердің көбін ату мен асудан құтқарып, түрмеден босатқанын, түрмедегі көп қазақ аштан қырылып қалғанын деп түрме аттарын ауру деп, орман арасында сойып, азық еткенін, атакты композитор Бақытжан Байқаламовтың отбасын қудалаудан аман алып қалғанын жазды.

ЖАНГЕЛДИН ҚАЛАЙ СТЕПАНОВКА АЙНАЛДЫ?

Зангер, ардагер Ізгілік Дабавтың естеліктерінде де Жангелдин туралы жағымды пікірлер айтылады. Ол өз сұхбаттарында: «Жангелдин Торғайға жол түсіп барса, Қазақстан өлкелік партия комитетінің бірінші хатшысы И.Голощекин де сонда жүреді. Әлқисса халықпен кездескенде қоймаңда астық бола тұра, Голощекиннің бербізбенен айтады. И.Голоше-

киннің: «Бар астықты есептеп, нормамен береміз» деген сөзіне қарамай, көпшілік жұрттың көзінше: «Совет өкіметін құрған сен емес, мен. Халықты қырайын деп пе едің!» — деп таяқпен салып қалады. Сөйтіп, қамбаны аштырған ғой. Жангелдиннің бұл қылмысын кек тұтқан хатшы түрмеге жаптырмақшы болып, Ежов екеуі ол жерінде материал жинайды. Мұндай жаманат хабарды естісімен ол кісі Мәскеудегі Сталин кабинетінен бір-ақ шығады. Сталин келген қаралау құжаттарының шешіміне: «Товарищ Жангелдин не трагедия» деп бір-ақ ауыз сөз жазды» деген екен.

Жангелдиннің лақап аты Николай Степанов екені рас. (Кей деректерде Степанов деп те жазылады). Қазақты жер шарын аралауға жібермейтін болған соң амалсыз осы фамилияны алуына тура келген. Жангелдинді шоқынған деп айыптайтындар да кездеседі. Ал кей деректерде оның Мәскеуде христиан болуға лайықты емес деп, мектептен шығарып жібергенін жазды. Ол туралы Жангелдиннің өз жазбаларында да жазылған. «Синклит мынадай қаулы қабылдады: «Мәскеу діни академиясы студенті Жангелдин діннен қуылады. Ол Діни академиядан құдайсыз, шайтан жолына түскен және нағыз христиан атына лайық емес ретінде шығарылады» дейді.

Академиядан қуылған соң Жангелдин түрлі жұмыстарды атқарған екен. Бірде аш, бірде ток болып жүріп, патша өкіметінің қудалауына ұшырай берген соң амалсыз кетуге тура келген. Ауылына да барғысы келмеген. Қалтасында қаражаты да жоқ. Сосын амалсыз шетелге кетуді жол көрген. «Алашқы кездерде біз киналдык. Бауы жылжыды, жиі тоқтады. Басып өткен елді мекендерде біраз аялап, өз саяхатымыздың мақсатын — әртүрлі елдермен, табиғатпен танысу екенін әңгімеледік. Халық біздерді зорыңтамақ тындады. Біздердің айтарықтай спорттық мақсатымыз да болған жоқ. Біз өмірде жолы болмағандар едік. Бізге күнкөріс қаражат табу керек болды. Біз тек шетелдерге қоныс аударуды көздедік, сонымен

қатар түрлі елдерді аралап шығып, көрікті жерлерді көргіміз келді» деп жазады күнделігінде.

ӘСІРЕ «ҚЫЗЫЛ» БОЯУЫНАН АРЫЛТЫП, «ИДЕАЛ» КЕЙПІНЕН АЖЫРАТУ ҚАЖЕТ

Әліби Жангелдин бейнесі «Қазақстан» ұлттық арнасы түсірген «Ахмет. Ұлт ұстазы» телесериалында да көрініс табады. Сериялдың режиссері Мұрат Есжан баспасөзге берген сұхбатында: «Әліби Жангелдин — сол кездегі Ахана қарсы күштердің типтік образы. Бұл ғылыми диссертация емес. Көркемдік шыңдық пен тарихи шындықты шатастырмау керек» деген екен.

Алаштанушы ғалым Ұшқын Сайдырахманға «Әліби Жангелдин туралы түрлі қауесет көп. Бірақ «сатқын» дейді, бірі «шоқынған» дейді, енді бірі Алаштың «жауы» санайды. Нағыз қызыл коммунист болғаны болмайды. Бірақ шын мәнінде Әліби Жангелдин бейнесі туралы не айтар едіңіз?» деген сауал қойғанбыз. Ол бұл сауалымызға: «Кенестік кезеңнің саясаты өзіне лайық келген адамды әсіре доріптеп, идеология құралына айналдырғаны бесенеден белгілі. Әліби Жангелдин — мейлінше мадакталып, көсем деңгейіне көтерілген сондай жанның бірі. Сондықтан деколонизация жүргізіп, түп тамырға қайта оралып отырған біз үшін мұндай тұлғаларға барынша жіті қарау қажет. Оларға баға беруде бүгінгі ұлттық ұстаным тұрғысынан үнілген абзал. Әсіре «қызыл» бояуынан арылтып, «идеялі» кейпінен ажырату — уақыт талабы. Ә.Жангелдин тұлғасы туралы онымен бір заманда өмір сүрген Әлихан Бөкейхан, Міржақып Дулатұлы «Қазақ» газетінде, Мұстафа Шоқай «Яш Түркістан» журналында нақты жазып қалдырған. Меніңше, бұл баспасөз деректері біраз жайтты анықтайды» дейді. Оның айтуынша, адамның түп болмысын аңдатуынан негізгі ұғымдар Идея, Ұстаным, Сенім деген категориялар дегенді айтып ұтыл. Ол «Алаш қайраткерлерінің ұлықталатынын себебі олардың ұлттық ұстанымды түп еткендігінде және сол жолда өзін құрбан еткендері. Немесе тура



Өсет БАЛТАКЫЗЫ (Келіме/кеу)

сол кеңес заманында өмір сүрген Тұрар Рысқұлов деген тұлғаны алайық. Ол да Ә.Жангелдин секілді Алаш идеясына қарсы күрескен мемлекет қайраткері. Алайда кенестік жолды тандай отыра, ол «Түрік компартиясын құрамын», Түрік федерациясын жасақтаймын» деген ұстанымда өмір сүрді. Өз идеясын табанды қорғады, сол жолда мерт болды. Былай қарасаныз, жолы өзге демесеніз, оның бұл арманы Мұстафа Шоқай көтерген Тұтас Түркістан ансарымен үндес, тамырлас. Сондықтан екеуі де кеңес қайраткері болғанымен, Ә.Жангелдин мен Тұрарға берілетін баға тағы да басқа» дейді.

ОНЫҢ ҚЫЗМЕТІНДЕ ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНА ҚАРСЫ БАҒЫТТАЛҒАН ЕШТЕНЕ ЖОҚ

Алаш тарихын зерттеушілер осылай дейді. Ал 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісті зерттеуші тарихшылардың көзқарасы мүлдем басқа. Олар бұл тарихи дағуда өзге қырынан келеді. Әліби Жангелдин тақырыбында пікір қайшылығын туындауы да осы себептен болса керек. Дегенмен «тарихи тұлғаларды зерттеуде кейде біржақты пікір қалыптасып кеткен жоқ па?» деген сауалымызға тарихшы Сәбит Шілдебай «әр тұлғаны зерттеп-зерделеуде дұрыс қорытынды, дұрыс пайым жасаған жөн» дейді. Оның айтуынша, Әліби Жангелдин 1915 жылдан бастап большевиктер қатарына қосылған. Оның большевиктер қатарына қосылу себебі — патша үкіметіне қарсы революциялық көзқарасты болуы. Бұл

шетелде болып келген бірнеше жылдық саяхаттан кейінгі жағдай дегенді айтады. Яғни, шетелдерді аралап, бәрін көріп келгеннен кейін өзі де түбірімен патша үкіметіне қарсы адамдардың бірі болып, большевиктер қатарына өтті.

«Әліби Жангелдин қай кезде шоқынды? Оған бала кезінде діни мектепте білім алуы себеп болды. Кейін ол кісі ислам дінін қайта қабылдаған. Әліби Жангелдинге сатқын, шоқынды, тағы басқа айыптар тауу онай. Бұл жай ғана ауылдың «өсегі» сияқты көрініп қалуы мүмкін. Сөзіміз дәлелді болуы үшін Жангелдинді зерттеп-зерделеген жөн. Оның қайраткерлік тұлғасына баға беру үшін зерттеу керек, архив құжаттарына үңілу қажет. Мен оны ақтап алайын деп отырған жоқпын. Оны ақтамаймын да, даттамаймын да. Біз қазақ қайраткерлеріне баға берген кезде біріншіден, оның қазақ халқына сіңірген еңбегін ескеруіміз керек. Әліби Жангелдин қазақ халқына бір кісідей қызмет еткен адам. Мен соны білемін» дейді.

«Қызыл керуенді» бастап жүруі, ашаршылық кезіндегі халыққа көмектесуі, одан кейінгі кезеңдердегі Әліби Жангелдиннің қызметіне қазақ халқына қарсы бағытталған ештенені көріп тұрған жоқпын дегенді айтады. «Әліби Жангелдин 1916 жылғы көтерілісте халық жағында болды. Ал «Қазақ» газетін шығарушылар қай жақта болды? Олар халық жағына шыққан жоқ қой. Сол көтеріліске қазақ жігіттері барсын деп, көгендеп, тізім жасап берген бай-болыстар-

дың жағында болды. «Қазақ жігіттері соғысқа барса, бізді патша ағзам жарыққайды» деген көзқараста болды. Сондықтан бұл жерде мұны терең зерттеуіміз керек. Оны терен зерттей жатып, біржақты пікір айтуға қарсымын. Ал оның қоғамдық-саяси, мемлекеттік қызметінде қазақ халқына бағытталған, қазақ халқына қарсы ештеңе жоқ. Осыны анық білемін» дейді.

Әліби Жангелдин туралы көзін көргендер оның өмірінде бір адамға жамандық жасамаған пенде екенін айтады. Тіпті, дұшпанына да әділ болған деседі. Марат Әбсеметов — Міржақып Дулатов өмірін көп зерттеген тарихшылардың бірі. Ол Гүлнар Дулатова мен Шолпан Байтұрсынұловаға киналы жүрген есінде өзге емес, алаш болып Әліби Жангелдиннің қорқыны тигенін айтып еді. Сондықтан төтенше комиссар тұрғысында ұлттық ұстанымды ту етпеді деп, біржақты кесіп-пішіп пікір айта алмаймыз ба?

Оған төтенше комиссарлық қызметті бергенде «төтенше» құқық та берілген екен. «Мен заң, тәртіп бузған адамды өзім жазалауға құқықты болдым. Тіпті, атуға дейін. Сөйте тұра, бір адамның шекісінен шерткен емеспін». Бұл — Әліби Жангелдиннің сөзі. Бұл туралы Ізгілік Дабавтың сұхбаттарынан кездестіруге болады. Қалай десек те, ХХ ғасырдың 20-жылдарындағы саяси оқиғаларға біржақты баға беру де қиын. Сараптап, сараптап, зерттеп-зерделеу арқылы тарихқа жанаша көзқарас қалыптастыру қажет-ақ.

Жаңа штамм Жамбыл жаққа да жетуі мүмкін

Елімізде соңғы күндері болған дүрбелең сананы сансаққа жүгірткені жасырын емес. Өкінішке қарай, еліміздің дүрлігі жатқанда коронавирус індетінің жаңа «омикрон» штаммы назардан шығарылған алғандай болды. Дәл қазір кеселдің жаңа түрі елімізге жеткені жайлы медицина мамандары айтып дабыл қақты. Сондықтан бұл бейжай қарайтын мәселе емес.



Жалпы, «омикрон» штаммы бірнеше елден табылып, жұғу қаупі жоғары екені мамандар айтып отыр. Сондықтан Жамбыл облысы індеттің мутациялық түріне дайындық жұмыстарын бастап кетті. Облыстық Денсаулық сақтау басқармасы берген ақпаратқа сүйенсек, қазір «омикрон» штаммының жаңа толқынына қарсы дайындық шаралары бойынша төсек-орындар 3 сценарийге сәйкес дайындалып жатыр екен. Бірінші жасыл сценарийге жалпы 1 200 инфекциялық, оның ішінде 145 реанимациялық төсек-орын дайын түр. Ал сары сценарийде қосымша 300 инфекциялық және 30 реанимациялық төсек-орын дайындалуда. Қызыл сценарийге 1 260 инфекциялық және 126 реанимациялық төсек орны әзірленуде. Бұдан бөлек, «омикрон» штаммының эпидемиологиялық жағдайы ушығар болса, резерв ретінде 2 000 инфекциялық, оның ішінде 200 реанимациялық төсек-орын дайындалатын болады.

Жалпы, 3 сценарийге 783 дәрігер, 1 566 орта буын қызметкерлері және 1 566 кіші буын мамандары жұмылдырылмақ. Қажет болған жағдайда қосымша дәрігерлер тартылады.

Жамбыл облыстық жұқпалы аурулар ауруханасында, Жамбыл облыстық көпбейінді ауруханасында, Жамбыл облыстық фти-

зиопульмонологиялық орталығында және қалалық көпбейінді ауруханасында кислородтық стансалар штаттық режимде жұмыс істеп тұр.

Облыс бойынша денсаулық сақтау нысандарын материалдық техникамен жабдықтау деңгейі 87,5 пайызды құрайды. Дәрі-дәрмектің 2 айлық қоры бар және емдеу-диагностикалу хаттамаларына сәйкес қосымша тапсырыс жасалып отыр.

«Омикрон» штаммына қатысты медициналық-санитариялық алғашқы көмек ұйымдарының дайындығы күшейтілуде. Облыс бойынша барлығы 214 мобильді бригадалар жасақталған, қазір 164 бригада жұмыс атқарып жатыр. Әр бригадада арнайы оқудан өткен дәрігер мамандар бекітіліп жұмыс істемек. Эпидемиологиялық жағдай ушығар болса, аудандық, қалалық өкімдік пен басқармалар тарапынан мобильді бригадаларды көлікпен қамтамасыз ету мәселесі де қарастырылып отыр, — дейді облыстық Денсаулық сақтау басқармасының басшысы Әсет Қалиев.

Тағы бір айта кетерлігі, созылмалы аурулары бар пациенттерді, егде жастағы адамдарды қашықтан динамикалық бақылауды ұйымдастыру мақсатында барлық МСАК ұйымдарында ситуациялық орталықтардың жұ-

мыстары күшейтілген. Емханаларға «омикрон» штаммына ұқсас шағымдармен кайырылған кезде арнайы филтер кабинеттері жасакталған. Оны қажетті дәрі-дәрмек пен жеке қорғаныш құралдарымен қамту жұмыстары жүргізілмек.

Бұдан бөлек, барлық стационарлардың қабылдау бөлімшелерінде триаж жүйесі енгізіліп, ПТР сынағалары жоқ науқастарды оқшаулағыштар қойылған. Медициналық ұйымдарда инфекциялық қауіпсіздік және медициналық персоналды қорғау шаралары да назардан тыс қалмаған. Жұмылдырылатын инфекциялық стационарларда бейнебақылау жүйелері орнатылған.

Осылайша, Жамбыл медицинасы «омикрон» жаңа штаммына қарсы дайындықты күшейтті. Әрине, саулық — сақтықта! Сондықтан мұндай шаралардың пайдасы болмаса, зияны тиімеліні анық.

13 қаңтардағы соңғы ақпаратқа сүйенсек, облыста коронавирус індетінің 21 739 жағдайы тіркелген. Пневмониямен 8 339 адам ауырған. Бір тәулікке шаққанда шамамен 69 тұрғын індет жұқтыруда. Тәуліктік өсім — 0,09 пайыз. Десек те, осы таңға дейін 21 001 азамат кеселден сауығып шыққан.

Бүгінде коронавирус індетінің ең көп жағдайы Тараз қаласында тіркеліп отыр. Одан бөлек, әскерге шақырылған жастар арасында 125 індет жұқтыру дерегі тіркелген. Басқа облыстан келген сарбаздар арасында 99 дерек анықталған.

Әрине, індеттен арылудың бірден-бір жолы вакцинация болса, бүгінде ревакцинациядан 42 863 адам өткен. Pfizer-дің 1 компоненті 25 907 адам салдырса, 2 компонентпен 7 961 азамат қамтылған. Оның ішінде 21 482 жасөспірім, 1 714 жүкті әйел және 2 711 бала емізетін ана егілген. Корда 91 093 доза 1-кезеңіне және 109 039 доза 2-кезеңіне қалып отыр. Сондықтан бұқара өзі мен жақындарының денсаулығын ойлап, ерте вакцина салдырғаны абзал.

Саятхан САТЫЛҒАН,
Жамбыл облысы

Қасқырға жаза жоқ, халықта маза жоқ

Шығыс Қазақстан облысы Катонқарағай ауданы аумағында соңғы кездері қасқыр тұрғындарға маза бермей тұр. Ал оларды Ұлттық парк аумағында атуға болмайтыны жөнінде ереже тағы бар.



«Ит-құс малымызға маза берер емес. Қолдан келер қайран жоқ. Айдың күннің аманында төрт түлігімізді қасқырға жегізіп қойып, қарап отырмыз. Атайық десек, зан рұқсат етпейді. Аспайық десек, малымызды ойсыратып барады. Жіпсіз байланып қалдық. Әкімдерде пәрмен болғанымен, дәрмен жоқ. Мұның қашанға дейін жалғасатынын бір Құдай біледі», — деді бізге телефон шалған Катонқарағай ауданы Жаңаұлғи ауылының тұрғыны Қуат Сахимов.

Тұрғындардың атайын десе, ата алмай, жіпсіз байланып отырғаны — заң бойынша Ұлттық парктің аумағында қасқырды атуға болмайтыны. Содан да болар, соңғы жылдары Катонқарағайдың бөрілері мүлде еркінсіп, ауылдарға қырғидай тиіп, жергілікті жұрттың мазасын қашырып жатқан көрінеді. Мәселен, былтыр тек қараша-желтоқсан айларында Катонқарағай ауылдық округіне қарасты Шыңғыстай, Жаңаұлғи, Кабырға ауылдарының 40-тан астам жылқысын жеп кетті. «Жаңаұлғи ауылынан Қуат Сахимовтың 10, К.Нұралынның 5, Б.Құмашев, А.Үзембаев, Б.Кайсеновтің 12, Шыңғыстай ауылынан А.Токпаевтың 3, Б.Баекіннің 2, Е.Мұсаханов, К.Алхамовтың 6, Кабырға ауылынан Ж.Нығметовтің 2 бас жылқысы ит-құсқа жем болды. Жаңаұлғи ауылының тұрғыны, «Қуат» шаруа қожалығының басшысы Қуат Сахимов елді мекен тұрғындары атынан бізге шағымданды. Шағым бойынша Ұлттық парк директоры Ж.Тыныбековке хат жолданған. Ұлттық паркке қа-

расты жер аумағындағы аң, құсты атуға рұқсат беру, реттеу, заңсыз аң атқан адамдарға шара қолдану сөздерін қузырында. Аудандық ауыл шаруашылығы бөліміне де ауыл малына қасқырлардың тыныштық бермей тұрғаны жайлы хабар берілген», — дейді Катонқарағай ауылдық округінің әкімі Қайрат Нұрқанов.


Катонқарағай ұлттық паркінің мамандары парк аумағында аң-құс санының көбейгенін жасырмайды. Олардың айтуынша, парк аумағында 100-ден астам қасқыр бар. «Быыл қар ерте түсіп, тұз тағысы жекеменшік шаруа қожалықтарына зиян келтіріп жатыр. Әсіресе, Аксу, Аққайнар, Катонқарағай ауылдарының маңында қасқырдың шабуылы жиілеп кетті. Бірақ Ұлттық парк аумағында аң аулауға мүлдем рұқсат жоқ. Бұл туралы Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы Қазақстан Республикасы заңының 48-бабында жазылған. Ескерте кетейік, Ұлттық парк аумағында аң ауланса, ол қылмыстық әрекет болып саналады», — дейді Катонқарағай мемлекеттік Ұлттық табиғи паркі директорының орынбасары Арнас Ауғанбаев.

Жалпы, шекаралық аймақтарда қасқыр аулау күрделі мәселеге

айналғалы қашан?! Осыдан үш жыл бұрын Тарбағатай ауданының Жаңаауыл ауылдық округіне қарасты Ахметбұлақ ауылының тұрғыны қыстақтағы қораға түскен қожалды ойып қакпаппен ұстап, сонынан сойылмен соғып алған еді. Әрине, жетіскеннен емес, шекараға жақын маңда қару ұстауға болмайтындықтан, осындай қаламға барған-ды. Бұл мәселе сол уақытта қоғамда біршама резонанс тудырғандықтан, аудан басшылары мен прокуратура өкілдері бірлескен комиссия құрып, шекаралықтармен келісімге келіп, ауыл тұрғындарына қару ұстап, қасқырлар қорғануға рұқсат берілген болатын. «Көктемнен бері маза бермей келеді. Құлын-дарға қырғидай тиіп, қара құзде тайларды жеп кетті. Шыңғыстайда қойларды тамақтап кетті деп естідік. Мылтығымыз бар, бірақ Ұлттық парк өкілдері атуға рұқсат бермейді. Бір жылдары қасқыр қаптаған соң тікұшақпен келіп атқан еді. Алдағы уақытта Тарбағатай ауданы секілді бізге де қасқыр атуға рұқсат берілсе жақсы болар еді», — дейді ит-құстан өбден зәрезап болған ауыл тұрғындары.

Азамат ҚАСЫМ,
Шығыс Қазақстан облысы

Солтүстік Қазақстан облысының тұрғындары көктайғақтан зардап шегіп отыр. Қаңтар айында жаңбыр жаууы — солтүстік өңірде өте сирек кездесетін құбылыс. Іле жауған қардың астында қатып қалған мұз тұрғындарды әбiгерге салып отыр. Көшелерде мұз айнадай жарқырап жатыр. Соңғы күндері қала көшелерінде жол-көлік апаттары жиілеп, жарақат алған адам саны көбейді. Коммуналдық қызметтер күшейтілген тәртіпте жұмыс істеп жатқанымен, қаланы түгел қамтуға шамалары келер емес.



АБАЙЛАҢЫЗ, КӨКТАЙҒАҚ!

ЖАРАҚАТ АЛҒАНДАР КӨП

Тәнерген жұмысқа бара жатқан кезде абайсызда құлап, қолын сындырған Светлана Васильева қазір жұмысқа жарамсыздық парағымен үйде отыр. Ауруханада алғашқы медициналық жәрдем көрсетіліп, гипс салып берген. Қалған емнің барлығы өз есебінен. Аурухана парағының кесірінен еңбекақыдан да «желінетіні» жанына батып отыр. «Менің осындай күйге түскеніме коммуналдық қызметтер кінәлі деп санаймын. Шетелдерде көктайғақтың салдарынан зардап шеккендердің шығынын коммуналдық қызметтер өтейді деп естіп едім. Бар кінәні бірден өз мойнына алады екен. Бізде де сондай тәртіп енгізілмейінше, жағдай түзелмейді деп ойлаймын», — дейді Светлана.

Осы күндері Петропавл қалалық көпбейінді аурухананың жарақат бөліміне жүгіншілер саны күрт көбейді. Көпбейінді қалалық аурухананың бас дәрігері Жанна Мауытованың айтуынша, соңғы 10 күн ішінде 500 адам дәрігер көмегіне жүгінген. «Олардың барлығы бірдей көшеде көктайғақтың салдарынан құлап, жарақат алғандар емес. Арасында үсікке шалдыққандар, буыны шығып кеткендер, аяқ-қолы сынғандар және басқалары бар. Дегенмен көшеде жарақат алғандардың саны — 287», — деді Жанна Кабиденқызы. Бұл — барлық жарақат алғандардың жартысынан астамы.

ЖОЛ АПАТЫ ЖИЛЕДІ

Тұрғындар көшелерде соқтығысқан көліктерді де жиі көретін болды. Петропавлдық Ержан Жамантаев кеше кешкісін үйіне бара жатқан жолда 4 апатты көргенін айтады. Бұған көктайғақ кінәлі

екенін айтады. Бірақ жол-көлік апаттарының барлығы бірдей арақашықтықты ұлғайту апаттың тінде тіркелмейді екен. Әрі тек көктайғақ салдарынан болған апаттар саны жеке есептелмейді.

Дегенмен өңір полициялары көлік жүргізушілерін климаттың ерекшеліктеріне байланысты ауа райын мұқият қадағалап отыруы және жолдағы жағдайдың шұғыл өзгеруіне дайын болуы қажет деп ескертіп отыр. «Көктайғақ кезінде жылдамдықты азайту және алда кетіп бара жатқан көлікке дейінгі арақашықтықты ұлғайту апаттың туындаған кезде шешім қабылдау үшін уақытты ұтуға көмектеседі. Сондай-ақ жолда жауу жүргіншілерден де аса саяқты таныту талап етіледі. Қар жауып, мұз пайда болған уақытта көлік құралдарын тежеу қиындайды. Жаяу жүргіншілер жолағына шыққан кезде алдымен жүргізушілердің өткізетініне көз жеткізіп алған абзал. Ересектер балаларға жолдағы қауіпсіздік ережелерін қосымша түсіндіруі қажет», — деді облыстық Полиция департаменті Жергілікті полиция қызметі басқармасының басшысы, полиция подполковнигі Айдын Байматов.

ЖҮРГІЗІЛГЕН ЖҰМЫСТАР ЖЕТКІЛКІЗІЗ

Петропавл қалалық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің баспасөз хатшысы Әсем Айтолланың айтуынша, коммуналдық қызметтер күшейтілген режимде жұмыс істеп жатыр. «Қазір жаяу жүргінші жолдарын, саябақтарды тазалау және құм-тұз қоспасын себу

жұмыстары жүргізілді. Бұл жұмысқа 110 адам мен 40 техника жұмылдырылды. Көктайғаққа қарсы «ледоруб эко+» реагенті мен құм-тұз қоспасы қолданылып жатыр. Осы күнге дейін 2,5 мың текше метр құм және тұз қоспасы себілді», — деді Әсем Айтолла.

Дегенмен бұл жұмыстар азық етіп отыр. Петропавлдықтар қаланың тек орталық көшелері қалпына келтірілгенін, ал шеткері аудандар сол баяғы «таз қалпында» қалғанын айтты. Тұрғындарға тротуарлармен жүру қиындақ тудырып отыр. Әсіресе, жолдың шетін жағалап, төліткіреп жүрген қарттарға онай емес. Мұз үстінде тепе-теңдікті сақтауға қиналатын балаларға да ие болу қиын. Қоғамдық көлік қызметіне жүгінетіндер аялдаманың манайы мұзайдындай жарқырап жатқанына шағымданды. Әрі көшенің жиегіндегі қар тазаланбайтынына да назар. Бұл жолаушылардың автобуска мінуіне қиындық туғызды. Петропавл қалалық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің әлеуметтік желідегі парақшасы теріс пікірге толы. Оқырмандар өкімдік ғимараттарының манайы ғана тазаланатынын және қай көшелер назардан тыс қалғанын жазыпты. Тіпті, «көшелерде жұмыс істеп жүрген ешбір техниканы көрмедім, бәрі тек қағаз жүзіндегі есеп үшін жасалған жұмыс» деушілер де бар. «Халық үніне құлақ асатын» билік өкілдері осыған назар аударып, тиісті қорытынды шығарса игі.

Роза ШӘКЕН,
Солтүстік Қазақстан облысы

Жарық пен жылудың жыры бітпей тұр

Еліміздегі ең іргелі курортты аймақтың бірі Щучинск қаласында бірнеше шағынаудан әлі де болса орталықтандырылған жылуға қосылмаған. Өркениет көшінен қалыс қалған аудан тұрғындары жыл сайын көпқабатты үйге көмір тасып күнелтеді. Көшелерге жарық бағандары аттай үш жыл бұрын орнатылғанымен, әлі де қосылмаған. Мәселе жайлы аудан және облыс өкімдігіне талай шағымданған халықтың ащы жанайқайына жауап құрғақ уәдеден ары аспай келеді.

КӨМІР МЕН КҮЛДІ ТАСУМЕН КҮНДЕРІ ӨТЕДІ...

Тұрғындардың айтуынша, осыған дейін ауысқан бірнеше әкім жағдайды реттейтінін, жылу мен жарықтың қосылатынын, модульді қазандық арқылы жылу беріле бастайтынын айтып сендірген. Дегенмен қаладағы бірнеше мың түгін тұратын Горный, Ремзавод, ШПЭС шағынаудандарында баяғы жартақ бір жартақ. Көше жарығының бағаналары сонау 2019 жылы қаладық, бюджет қоржынынан бөлінген қосымша қаражатпен жоба басталған. Алайда жұртшылықтың қуанышы су сепкендей басылған. Жарық та, жылу да шағынаудан тұрғындарына жетпей отыр.

«Біз өркениеттен мүлде мақұрым қалдық десек те болады. Көпқабатты үйдің бесінші қабатына күн сайын көмір мен оның күлін тасумен күніміз өтеді. Орталықтандырылған жылу әлі жоқ. Ал осымен бірнеше рет ауысқан өкімдер уәдесі үйіп-төккенімен, еш нәтиже болған жоқ. Жарық бағандары қойылғалы үш жыл өтсе де, әлі жарық жоқ. Көшелеріміз тас қараңғы. Жыл сайын көмір сатып алу қалдырмайтын болады. Өйткені көмір жоқ. Келген көмір лезде таусылып қалады. Мәселені айтпаған жеріміз қалмады. Бірақ жергілікті биліктің назарын аударма алмай келеміз», — дейді Нарғыз Қасымова есімді Щучинск қаласының тұрғыны.

ТЕНДЕР КІМДЕРГЕ ТИІМДІ?

Тұрғындардың бірақтары үш жылдан бері жыры бітпей келе жатқан жарық мәселесінің жобасы мердігерлердің шеттен келгенінен

деп есептейді. Сондай-ақ бұл жерде «тендерді жеңіп, қалтасын қалыңдатып тайып тұрды ма?» деген қауіптерін де жеткізді.

«Щучинскте жарықты жалғайтын энергетиктер құрып қалды ма? Қостанайдан, Талдықорғандан мердігерлерді шақырудың не қажеті бар? Егер мердігерлер өзімізден болса, жасаған кемшіліктері үшін жауап алып, бұзылған кемшілін тұстарын дереу арада түзетуге болар еді. Ал істерін істеп, тайып тұрған бөтендерден қалай сұралады? Біреулерге тендердің тиімді болып тұрғаны анық», — дейді Галина Губайдуллина есімді қала тұрғыны.

Бұрабай ауданының өкімдігі бар кінә мердігер компаниялардың жауапсыздығының салдары екенін мойындады. Ведомствонын мәліметінше, 2019 жылдан бері қаланың 8 көшесіндегі көше жарығын орнату үшін төрт бірдей жоба жүзеге асырылған. Алайда арты смир-құйымшақталып кеткен жобалар бүгінге дейін созбақталып келеді.

«Щучинск қаласының аумағындағы сегіз көше, атап айтқанда Трудовая, Коммунистическая, Сейфуллин, Морозов, Шоссейная, Мичурин және Амангелді көшелерінде көше жарығының құрылысы 2019 жылы басталған. Тапсырыс беруші — Бұрабай ауданының құрылыс бөлімі. Жобаны «Бұрабай жобасы» ЖШС жүргізген. Мемлекеттік сатып алу порталында өткен конкурс қорытындысы бойынша Талдықорған қаласындағы «АВС электрик» компаниясымен келісімшарт жасалған. Бұдан кейін Қостанай қаласынан жеке кәсіпкер «В.Е.Перекальскиймен» субмердігер ретінде келісімшарт жасалған.

ӘКІМДІК БӨЛІМІ МЕН МЕРДІГЕР КОМПАНИЯ СOTTАСҚАН

Әкімдіктің мәліметінше, мердігер ұйым жұмыстың қабылдануы бойынша ескертулерге құлақ аспап, керісінше тапсырыс берушінің сотқа берген. Ал ауданның құрылыс бөлімі ескертулерді жою және келісімшарт міндеттемелерін орындауға мәжбүрлеу туралы сотқа қарсы талап-аруы түсірген. Сот істі тапсырыс берушінің пайдалысына шешкен.

«Сот оң шешімін қабылдады. Занды күшіне енгеннен кейін мердігер ұйымға қатысты санкциялар қолданылмай болады. Қазір пайдалануға беру туралы актінің болмауына байланысты бағаналары қағылған көше жарығын электрмен қамтудың ортақ желілеріне қосуды рәсімдеу мүмкін болмай отыр. Ал қаланы жылумен қамтуға келсек, Щучинск қаласында және Горный шағынауданы бойынша жылу желілерінің құрылысы жобасы жасалып жатыр. Мердігер ұйым Павлодар қаласынан. Қазір жылу желілері төсейтін трассалар анықталды. Жобалық-сметалық құжаттамаларының бөлімдерін әзірлеу бойынша жұмыстар жүргізіліп жатыр. Жобалау аяқталғанынан кейін желі құрылысына бюджеттік өтім берілмек», — деп толықтырды Бұрабай ауданы өкімдігінен.

P.S. Әзірге істі соңына дейін жеткізбеген компаниямен дау әлі бітпеген. Ал қарапайым жұрт көпқабатты үйге көмір тасып, көше жарығынсыз қашанға дейін күнелтетіні әлі белгісіз. Істің ақ-қарасы алдағы уақытта анықталуы тиіс...

Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ,
Ақмола облысы



Еуропа чемпионаты кейінге шегерілмейді

Футзалдан Еуропа чемпионаты коронавирустың жаңа штамы өршіп тұрғанына қарамастан белгіленген мерзімде өтеді.

19 қаңтарда Нидерландта Еуропа чемпионаты басталады. Ұйымдастырушылар 2022 жылғы Еуропа чемпионатын бұрын жоспарланған мерзімде, атап айтқанда 19 қаңтар мен 6 ақпан аралығында өткізуге шешім шығарды.

Еуропада 16 команда өнер көрсетеді. Қазақстан құрамасы Италия, Словения және Финляндиямен бірге В тобына бақ сынаиды. Құрама алғашқы ойынын 20 қаңтар күні Словенияға қарсы өткізеді. Одан кейін Кака шакірттері 25 қаңтарда Финляндиямен, 28 қаңтарда Италиямен шеберлік байқасады.

А.ЖАСАНҰЛЫ

Қос жерлесіміз кортта кездеседі



Жылдың алғашқы «Үлкен дулыға» турнирі саналатын Аустралияның ашық чемпионатының жеробесі тартылып, соның нәтижесінде қазақстандық қос ракетка кездесетін болды.

Теннистен әйелдер арасында Қазақстанның бірінші ракеткасы, әлемдік рейтингте 13-орында тұрған Елена Рыбакина алғашқы айналымда дүниежүзілік тізімде 108-орындағы Зарина Дияспен кортта кездеседі. Ал тағы бір отандасымыз әлемнің 43-ракеткасы Юлия Путинцева рейтингте 110-сатыдағы французиялық Жармони Танмен сайысқа түседі. Былтыр осы турнирде Ю.Путинцева төртінші, З.Дияс үшінші, Е.Рыбакина екінші айналымға дейін жеткен еді.

А.СҰЛТАН



Ковидке қарсы шаралар қатаңдатылады

Халықаралық Олимпиада комитеті 2022 жылғы Бейжің Олимпиадасында ковидке қарсы шаралардың Токиомен салыстырғанда қаталырақ болатынын мәлімдеді.

«Токио Олимпиадасымен салыстырғанда бірнеше маңызды айырмашылық бар. Біріншіден, «жабық жүйеге» өту үшін міндетті түрде толығымен вакциналанған болуы тиіс. Екіншіден, әрбір қатысушы күн сайын ПТР-тест тапсырады. Ал Токиода тек олимп-

пидалық ауылға кіретін тұлғаларға ғана күн сайын ПТР тапсыру міндет болған», — деді ХОК өкілі.

Еске салайық, Бейжіңдегі қысқы Олимпиада ойындары 4-20 ақпан аралығында өтеді.

Әбілмансұр ЖАСАН

Балалар спортына БАСЫМДЫҚ БЕРІЛЕДІ

Елімізде бұқаралық спортты дамыту, спорттық инфрақұрылымдардың қолжетімділігін арттыру – күн тәртібінде тұрған өзекті мәселе. Әсіресе, балалар мен жасөспірімдерге арналған түрлі спорт нысанының, көпфункционалды кешендер мен ашық спорт алаңдарының санын көбейтуге ерекше жағдай жасалмақ.

Абылайхан ЖҰМАШ

Өткен жылдан бастап бұқаралық және балалар спортымен айналысуды қолжетімді ету үшін халықтың спортпен шұғылдануына мықтап ден қойыла бастады. Ол үшін әкімдіктерге мемлекеттік спорттық тапсырыс көлемін ұлғайту, қосымша балалар мен жасөспірімдер клубын, жеткіншектер спорт клубын ашу, мектеп және студенттер спорт лигасының жұмысын қайта бастау есебінен балаларға арналған тегін спорт секцияларын кеңейту жөнінде арнайы тапсырма берілді. Мұның бәрі тегіннен-тегін жасалып отырған жоқ.

Күні кеше Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Мәжіліс отырысында «Қазақстан халқына» қоғамдық-әлеуметтік қоры құрылатынын айтып, оған қазірден тұрақты жарна аударатын ірі компаниялар тізімін бекітуді тапсырды. Әлеуметтік-қоғамдық қордың қаржысы бірқатар қажеттілікке жұмсалады. Оның ішінде бұқаралық спортты дамытуға арналған кешендер салу да бар.

Жалпы, қордың басты функциясы халықтың әлеуметтік жағдайын жақсарту болмақ. Қор қаражаты есебінен қалаларда, аудандарда, кенттерде, ауылдарда балалар үшін спорт объектілері салынады. Егер түйткілді мәселелер рет-ретімен дер кезінде орындалса, балалар спортының өркендеуіне жақсы жағдай жасалары сөзсіз.

Сидней Олимпиадасының күміс жүлдегері, белгілі балуан Ислам Байрамуков отандық



спортқа шұғыл әрі тиімді реформалар жүргізудің, бұқаралық және балалар спорты дамытудың қаншалықты маңызды екенін айтты.

— Бізде тек спорт емес, барлық сала ақсап тұр. Солардың бәрін жүйелі түрде ретке келтіру керек. Спортқа қатысты айтар болсам, бізде көп қалада спорттық инфрақұрылымдар жағы мөз емес, жаттықтырушылар жетіспеушілігі тағы бар. Ауылды жерлерде спорттық секциялардың санын арттыру арқылы балалардың түрлі спорт түрімен айналысуына жол ашуымыз керек, — деп атап өтті білікті маман.

Ал спорт функционері Болат Есмағамбетов жаңадан құрылатын қордың спортқа тиізер пайдасы зор болатынын айтты.

— Спорттық алаңдар ауыл түгілі қалалық жерлерде де жеткіліксіз. Әр спорт түрі бойынша балаларды дайындайтын жаттықтырушылар, спорт мамандары аз. Балалар жаттығуына, спортпен айналысуына барлық жағдай жасалуы керек. Шалғай аймақтарда көптеген бала спорт үйірмелеріне қатысуды, жақсы спорт кешенінде жаттығуды армандайды. Осы мәселелер жедел қолға алынып, шешілуі тиіс. Мемлекет басшысы да осы

жағдайларды ескеріп, балалар спорты, бұқаралық спортты дамытуға ерекше көңіл бөлуі тапсырды. Соның негізінде «Қазақстан халқына» қоғамдық-әлеуметтік қоры құрылды. Бұл қордың жұмысы көп пайдасын тигізеді деп үміттенемін, — дейді Болат Есмағамбетов.

Иә, қаланы айтпаған күннің өзінде аудан орталықтары мен ауылды жерлерге де балаларға арналған спорт кешендері ауадай қажет. Алайда оған аз қаржы жұмсалмасы белгілі. Бір ғана Түркістан қаласының өзінде 2020-2021 жылдар аралығында салынған 13 спорттық нысанға жалпы құны 515 млн 121 мың теңге кеткенін ескерсек, онда кенттерге, аудандарға, ауылдарға 30-40-қа жуық нысан салынар болса, шамамен Түркістанға бөлінген қаржыдан екі-үш есе көп ақша қажет болады деген сөз. Ал ол қаржы жоғарыда атап өткен қордың демеушілігімен бөліне ме, әлде аймақтардағы әкімдіктің қаражатынан бөліне ме, ол — алдағы күннің еншісіндегі мәселе. Қалай болғанда да, спорттық инфрақұрылымдарға қатысты түйткілді мәселелер ертерек бақылауға алынып, жүйелі түрде шешімін тапқаны жөн.

Театр, кинотеатр жұмысы тоқтатылды

Елордада эпидемиалық нашарлауына байланысты театр, кинотеатр жұмысы тоқтатылды. Одан бөлек, көпшіліктің қатысуымен өтетін шараларға тыйым салынды. Бұл туралы Нұр-Сұлтан қаласының бас мемлекеттік санитар дәрігері Сархат Бейсенова мәлім етті.

— Бүгіннен бастап менің жана қаулыма сәйкес, елорданың «қызыл» аймаққа қайта енуіне байланысты ғимарат ішінде және сыртта көпшіліктің қатысуымен өтетін шараларға тыйым салынады. Оның ішінде отбасылық және басқа да мерекелік іс-шаралар бар. Ал еске алу шарасын Ашық жобасына қатысатын мекемеде өткізуге болады. Бірақ 30 адамнан артық жиналуға болмайды, — деді Сархат Бейсенова қала әкімдігінде онлайн өткен баспасөз мәслихатында.

Сондай-ақ бас санитар дәрігер бірнеше әлеуметтік нысанның қызметіне тыйым салды.

— Ашық жобасына қатысатынына қарамастан концерт зал, филармония, театр, кинотеатр, цирк қызметіне тыйым салынады. Және жұртшылықтың қатысуымен өтетін жұма намаз, басқа да діни шаралар өткізуге рұқсат жоқ. Одан бөлек, конференция, семинар, форум өткізу мен караоке, түнгі клубтардың жұмысы тоқтатылды, — дейді ол.

Сонымен қатар елордада тамақтану орындарында бардың қызметіне де тыйым салынды.

А.ЖАСАНҰЛЫ



Азия чемпионатына қатыспайды

Бокстан 22 жасқа дейінгі спортшылар арасындағы Азия чемпионатына қазақстандық спортшылар қатыспайды. Бұл туралы команданың бас бапкері Қайрат Сәтжанов мәлімдеді.

— Еліміздегі төтенше жағдайға байланысты жоспарланған оқу-жаттығу жиындары кейінге қалдырылды. Нақтылай айтар болсам, жиын ақпан айында басталады. Ал 20 қаңтар күні Ташкентте басталатын 22 жасқа дейінгі боксшылар арасындағы Азия біріншілігіне де бармаймыз. Өйткені елдегі тәртіпсіздіктерге байланысты елден шығуға рұқсат жоқ.

Мұндай қиын кезеңде біз бірігіп, ауызбіршілік танытуымыз қажет. Қазір жаттығу жиындары да, жарыстар да тоқтап тұр. Дегенмен келесі айдан бастап барлық жоспарымыз уақытылы орындалады деп сенеміз, — дейді Қайрат Сәтжанов.

Еске сала кетейік, бокстан 22 жасқа дейінгі спортшылар арасындағы Азия чемпионаты 20-30 қаңтар аралығында өтеді.

Ә.ЖАСАН

NJM
NUR MEDIA

AIQYN

Меншік иесі —
«Айқын-Литер» ЖШС

Директор —
Бақытжан ТҰРАЛЫБЕКОВ
Бас редактор —
Нұрмұхамед БАЙҒАРА
Амангелді ҚҰРМЕТ —
Бас редактордың
бірінші орынбасары
Гүлзина БЕКТАС —
шығарушы редактор
Асқар БЕК —
веб-сайт редакторы
Елдар ҚАБА —
секретариат меңгерушісі

АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:
Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ —
Ақмола облысы
Нұрболат АДЫРБЕК —
Алматы қаласы
Тұрсын ЖҰМАБЕКҚЫЗЫ —
Атырау облысы
Саятхан САТЫБАҒАН —
Жамбыл облысы
Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ —
Қарағанды облысы
Назғұла НАЗАРБЕК —
Шымкент қаласы
Роза ШӨКЕН —
Солтүстік Қазақстан облысы
Азамат ҚАСЫМ —
Шығыс Қазақстан облысы

«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ
ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:

Кәсіпорындар,
мекемелер үшін — 15102
Зейнеткерлер,
соғыс ардагерлері үшін — 55102
Жеке жазылушылар үшін — 65102

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:
8(701) 675-42-14, 8(7172) 72-95-31
reklama.aikyn@gmail.com

ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БӨЛІМІ:
8(777) 310 22 54, 8(7172) 72-95-39
podpiska.alt@gmail.com

Газет аптасына 4 рет шығады

Газет «Айқынның»
компьютер орталығында беттелді

ТАРАЛЫМЫ: 40 000

Тапсырыс №4056
Алматы қ. «Дәуір» Ш.Қалдаяқов көшесі, 17-үй
Нұр-Сұлтан қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС
Сілеті көшесі 30, тел.: 8(7172) 99-77-77
Шымкент қ. «ERNUR-print» ЖШС, Әлімқұлов көшесі 22,
тел.: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114